

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ ЖӘНЕ
ОРТА АРНАУЛЫ БІЛІМДЕНДІРУ МИНИСТРЛІГІ

БЕРДАҚ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚ
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТИ

ӨЗБЕК ФИЛОЛОГИЯСЫ ФАКУЛЬТЕТИ
ТҮРКІ ФИЛОЛОГИЯСЫ КАФЕДРАСЫ

Қазақ филологиясының
4-курс студенті Қаһарманова Жанардың

БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

ЖҰМЫСТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ:

Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі септік категориясы

Ғылыми жетекші: ф.и.д. М.Құдайбергенов _____

Асс. Ж.Шарипова _____

Кафедра меңгерушісі: Үлкен оқытушы Г.Адилова _____

Нөкіс-2009 жыл

ЖҰМЫСТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ:

Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі септік категориясы

Қорғауға ұсынылды.

Өзбек филологиясы факультеті деканы _____ Ф.Бабажанов

Кафедра меңгерушісі: _____ Г.Адилова

Ғылыми жетекші: _____ ф.и.д. М.Құдайбергенов

_____ асс. Ж.Шарипова

Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі септік категориясы

тақырыбындағы - мамандық жұмысына мемлекеттік аттестация

комиссиясы қаулысымен (____) бағасы қойылсын.

_____ 2009 ж

МАК бастығы:

МАК мүшелері:

Хаткер:

Кіріспе

- 1) Тақырып жайында түсінік.
- 2) Тақырыптың зерттелуі.
- 3) Жұмыстың мақсаты

I бөлім

Қазақ және қарақалпақ тіліндегі грамматикалық септіктер.

1. Атау септігі жөнінде
2. Ілік септігі жөнінде
3. Табыс септігі жөнінде

II бөлім.

Қазақ және қарақалпақ тіліндегі көлемдік септіктер

1. Барыс септігі жөнінде
2. Шығыс септігі жөнінде
3. Жатыс септігі жөнінде
4. Қазақ тіліндегі көмектес септігі

III. Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Тақырып жайында түсінік

Септіктер туралы түсініктің негізін салушы-ежелгі гректің атақты оқымыстысы Аристотель. Ол септік категориясын грекше *птосис* деп атапты. *Птосистың* мағынасы-септік деген сөз. Келе-келе ертедегі римдіктер гректің «*птосис*» деген сөзін латыншаға «*казус*» деп, ал орыстар гректің *птосисін* калька жолымен «*надеж*» деп аударып алған.

Тіл-тілде септіктер- зат есім, есімдік, сын есім және сан есімдерге тән аса маңызды грамматикалық категорияның бірі. Септіктер сөйлем ішіндегі сөздердің бір-бірімен қарым-қатынасын білдіреді.

Септіктер категориясына тән ерекшеліктің бірі- мотивациялануы. Әр септік әр түрлі қатынасты-заттың затқа немесе заттың белгілі бір процеске қатыстылығын айқындайды. Мәселен, атау септік грамматикалық тұрғыдан алғанда, заттың ешбір тәуелсіздігін, бейтараптығын білдіреді, ал қалған септіктер (атаудан басқалары) өзі тіркескен сөзбен грамматикалық тұрғыдан тәуелді болып келеді.

Тіл-тілде септіктер саны бірдей емес. Септігі бар тілдерде әр септіктің белгілі бір мазмұны, мәні болумен қатар, сол мән-мазмұнның берілу формалары, яғни көрсеткіштері болады. Көптеген тілдерде кейбір септіктер тәуелділік мағынасын білдіреді. Бұған дәлел-қазақ, қарақалпақ тілдеріндегі ілік септігі.

Қазіргі қазақ тілінде сөз септеудің екі түрі бар: жай септеу, тәуелді септеу. Бірақ бұлардың грамматикалық формаларында айырма жоқ.

Септік жалғау зат есімге жалғанып, әр түрлі грамматикалық мағына үстеп, сөйлемде оны басқа сөздермен байланысқа түсіреді. Қазақ тілінде 7 септік түрі бар: атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс және көмектес септіктер. Қарақалпақ тілінде 6 септік бар. Қазақ тіліндегі көмектес септігі қарақалпақ тілінде жоқ. Атаудан басқа септіктердің арнаулы жалғаулары бар. Атау септіктің тұлғасы зат есімнің түбір (негізгі және туынды)

тұлғасымен сәйкес келеді, арнайы жалғауы жоқ. Септік жалғаулары сөзге буын үндестігі мен ілгерінді ықпал заңдылықтары бойынша жалғанып, әр септік жалғануы сол сөзге белгілі-белгілі грамматикалық мағына үстейді: тек көмектес септік жалғануы буын үндестігіне бағынбайды. Қазақ тілінде жеті септік түрі бар. Олардың сұрақтары мен жалғаулары біркелкі емес, сондай-ақ олардың сөзге үстейтін мағыналары да алуан түрлі. Кейінгі кезде септіктер екі топқа бөлініп жүр: *грамматикалық септіктер және көлемдік септіктер*.

Грамматикалық септіктерге: атау, ілік, табыс септіктері, *көлемдік септіктерге* барыс, жатыс, шығыс көмектес септіктері жатады. Септік жалғауларын бұлай бөлудің басты негізі олардың мағыналары мен қызметтеріне байланысты.

Грамматикалық септіктер (атау, ілік, табыс) негізінен тек заттық мәнмен байланысты. Қимылды атқарушы (бастауыш), не оның объектісі (тура толықтауыш), не заттың меншіктік, қатынастың (анықтауыш) мәнін білдіреді.

Сондықтан да заттық мәнге (адамға байланысты және адамнан басқа затқа) байланысты әрқайсысы екі сұраққа ғана жауап береді: кім? және не? кімнің және ненің? кімді және нені?

Ал *көлемдік септіктер* (барыс, жатыс, шығыс, көмектес) заттық мәннен (толықтауыш) басқа көлемдік, мезгілдік, себептік, бағыттық, құралдық (пысықтауыш) мәнде де жұмсалады. Сондықтан *барыс* септік *кімге? неге?* деген сұрақтан басқа *қайда?* деген сұраққа, *жатыс* септік *кімде? неде?* деген сұрақтан басқа *қайда?* деген сұраққа, шығыс септік *кімнен? неден?* деген сұрақтан басқа *қайдан?* деген сұраққа, көмектес септік *кіммен? немен?* деген сұрақтан басқа *қалай?* деген сұраққа да жауап береді.

Қазіргі түркі тілдеріндегі, солардың бірі қазақ тіліндегі септеу категорияларын тарихи барлауда сүйенетін тірек-көне түркі тілі, сол тілдердің бізге жеткен ескерткіштері екені белгілі. Ол тілдің фактілері түркі тілдерінің көне дәуірлерінде септелуінің үш түрлі жүйесі болғандығын дәлелдейді. Ондай жүйелер: жай септеу, тәуелдеулі сөздердің септелуі, және есімдіктердің септелуі. Көне түркі тілдерінде ілік, табыс септіктері ыңғайында зат есімдер мен есімдер септелуінің арасындағы айырмашылық, табыс, барыс септіктер ыңғайында жай септеу мен тәуелді септеу арасындағы айырмашылық байқалады. Алайда сол дәуірде-ақ, яғни көне түркі дәуірінде-ақ, бұлардың арасындағы, әсіресе, зат есімдер мен есімдіктер септелуіндегі шектелу жойыла бастаса керек. Сол жазбалардың тілінде де зат есімге жалғануға тиіс жалғаулардың есімдіктерге не керісінше қолданылуы ұшырайды. Екінші сөзбен, сол тілде-ақ жоғарыда айтылған айырмашылықтар жеке-жеке өз аясын да қалмай, бірінің белгісі екіншісіне ауыса, араласа бастауы байқалады.

2. Тақырыптың зерттелуі

Негізгі септелетін сөздер-зат есімдер. Алайда қазіргі тілде заттық мәніге ие болған (субстантивтенген) кез-келген сөз септік жалғауларын қабылдайтыны белгілі. Осы із түркі тілдерінің тарихында жаңа емес, дегенмен қазіргі тілдегідей етек алмаған. Ондай өзгешеліктер әр септіктің өз тұсында мүмкіндігінше айтылады.

Қарақалпақ тілінде сөз тіркесі немесе сөйлем құрылысында зат есімнің басқа сөздермен қарым-қатынасын, байланысын білдіретін морфологиялық категория септік категориясы деп аталады (ауылдан келдим, жийналысқа қатынастым, достымды көрдим).

Қазіргі қарақалпақ тілінде алты септік бар: атау, ийелік, барыс, табыс, орын, шығыс. А.Қыдырбаев 1944-жылы қарақалпақ тіліндегі септік категориясына арналған кандидатлық диссертациясында қарақалпақ тіліне

қосымша жетінші септік-көмектес септігін қосты. 50-жылдардың соңына дейін мектеп грамматикасында көмектес септік орын алды¹. А.Қыдырбаев бұл септіктердің грамматикалық көрсеткіштері ретінде (менен, бенен, пенен) элементтерін көрсетті. Автор бұл жерде қазіргі қазақ тіліндегі көмектес септігіне негізделген болуы керек. Бірақ қазақ тілінде бұл элементтер қысқарып,(- мен,-бен,-пен) түрінде септік жалғаулары болып қалыптасқан, ал (менен, бенен, пенен) түрлері сирек, көбінесе ауызекі сөйлеу тілінде қолданылады.

Қарақалпақ тілінде (менен, бенен, пенен) түрлері өз алдына бөлек сөздер болып, септеулік (кейде жалғаулық) қызмет атқарады, сол себепті оларды септік жалғауы деп қарауға болмайды. Қазіргі қарақалпақ тілінде жоғарыда көрсетілген тек алты септік бар. Соған қарамастан кейбір зерттеушілер әліге дейін қарақалпақ тілінде көмектес септік бар деп есептейді.²

Әрине, бұл пікірге қосылуға болмайды. Зат есім сөз тіркесінде немесе сөйлемде қолданғанда осы көрсетілген алты септіктің біреуінің формасын қабыл етеді, яғни септік категориясы зат есімнің басқа сөздерімен байланысып үлкен қызмет атқарады. Грамматикалық септіктерге атау, ілік және табыс септіктері кіреді. Олардың негізгі грамматикалық мағыналары мыналар:

1. атау септік субъектінің ноль формасын білдіріп, ешқандай жалғаусыз қолданылады және сөйлемде көбінесе бастауыш қызметін атқарады;

2. ілік септігі меншіктеуді, иелеуді білдіріп, сөйлемде негізінен анықтауыш болады;

3. табыс септік іс-әрекеттің тікелей объектіні білдіріп, сөйлемде тура толықтауыш болып келеді.

¹ 1. Есемуратов А. Қарақалпақ тили. I бөлім, фонетика, лексика хәм морфология 5-6 класслар ушын сабақлық. Нөкис, 1957, 83-бет.

² Қазақ тілінің грамматикасы. I. Морфология. Алматы «Ғылым» 1967, 62-бет.

Көлемдік септіктері де сөйлемде әрқилы грамматикалық мағынаны білдіреді. Бірақ олар сөйлемде көлемдік мәнде көбірек қолданылады:

1. барыс септік іс-әрекеттің көлемдегі бағдарын;
2. шығыс септік іс-әрекеттің көлемдегі шығу пунктін;
3. жатыс септігі көлемдегі орынды білдіреді.

Атау септігі тура септік, ал қалғандары жанама септіктер деп аталады.

Септік жалғаулары көптік және тәуелдік жалғауынан кейін жалғанады.

Әрбір септік өзіне тән болған формаларға, грамматикалық мағыналарға және синтаксистік функцияларға ие болады.

3. Жұмыстың мақсаты

Бітіру-мамандық жұмыстың мақсаты- қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі септік категориясы және оның грамматикалық түрлері , олардың өзіне тән ерекшеліктері, септеу категориясының сөйлемдегі қызметтері, бір-бірінен айырмашылықтарын салыстырмалы түрде айқындау .

Жұмыс кіріспе , негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтиды.

Қазақ және қарақалпақ тіліндегі грамматикалық септіктер.

Атау септігі

Қазіргі түркі тілдерінің қайсысында да атау септікті сөздің түбір, негіз қалпынан бөлектентіндей арнаулы аффикс жоқ. Атау септік тұлғасы ескі жазбалар тілінде мынадай қызметтерде жұмсалған: Атау септік тұлғасы өзінің тура мағынасында қолданылған: «*Аганияз ер ағыр бедісміс. Ілкі сен барғыл*», «*Алдымен сен бар*». Атау септік бұл қызмет қазіргі қазақ тіліне әсте жат еместігі айқын. Зат есімдер де, есімдіктер де атау тұлғаларда жұмсалып, сөйлем бастауышы қызметінде келген.

Ілік септік қызметінде жұмсалуды:

«*Кімі ічре олдуруп, Іле сувын кечтіміз, ұйғыр таба баишланып, Мыңлақ елін ачтымыз*» «*Кемеге отырып, Іленің суын кешті, ұйғырға дейін барып, Мыңлақ елін аштық*».

Табыс септік орнына жұмсалуды: ічін, ташын адынғы бедіз уртуртым, таи тоқытдым. (Іші тысын айрықша өрнектеттім, тасты қойғыздым).

Мұндай факт атау септік пен табыс септіктің тұлғаларының омонимиясы, белгілі бір септік қызметте –тура толықтауыш болып жұмсалуды өте архайкалық құбылыс екенін көрсетеді.³

Жатыс септік орнында қолданылуы:

Өтүкен иір олурып арқыш-тіркіш ысар нең бұнұғ йоқ - Өтүкен жерінде отырып, керуен жіберсең, еш мұңың жоқ.

Құралдың септік мәніде қолданылуы V-IX ғасыр жазбаларында жиі кездеседі. Бірақ XI-XV ғасыр ескерткіштері тілдерінде байқала бермейді.

Барыс септік орнында қолданылуы: «Бабурнама» тілдерінде атау тілдерінде атау тұлғаларының барыс септік орнына қолданылуы кездеседі.

³ Щербак А.М.К характеристике тюркских падежей в плане содержания.-Советская тюркология.1972, №4, 50-бет

Мен бу тарап келдім- Мен осы маңға келдім. Қазақ эпостың тілдерінде де барыс септік тұлғасынсыз істің бағытын білдіру мәнінде сөздердің түбір (негіз) күйі қолданыуы кездесіп отырады. Жамбыл өлеңдеріндегі «Москва бардым не көрдім, туысқан-туған ел көрдім» дейтін жолындағы мекен-орынды білдіретін сөздердің қолданысын да тек осы тұрғыдан түсінуге болар еді. Атау тұлғаларының шығыс септік орнына жұмсалуды да кездеседі. *Мысалы: Иол азылды-жолдан азды.*

Түркі тілдерінде атау септігі бірнеше атпен аталады. Мысалы: Н.П. Дыренкова шор тілінде бұл септіктің бес түрлі атамасын келтіреді: основной, именительный, коренной, неопределенный, безаффиксный⁴. Қазақ тіл білімінде бұл септеу «атау септігі» атымен белгілі.

Атау септігіндегі зат есімдер:

1. сөйлемде, негізінен бастауыш қызметін атқарады.

Мысалы: Сен бағ едің, булбул ушты, зағ қалды

(Әжинияз)

2. Баяндауыш болып келеді:

-Адамзаттың яр-досы-сөзлер,

Адамзаттың душпаны-сөзлер

(Т.Мәтмуратов)

3. Анықтауыш қызметін атқарады:

Өмірдің көби кетип, азы қалды,

Тұлқи дүнья зып берди, тазы қалды

(И.Юсупов)

4. Күрделі баяндауыштың компоненті болып келеді:

Бердимурат Бердақ болды

Дағы хеш ким билген емес

⁴ Дыренкова Н.П. Грамматика шорского языка. М-Л, 40-бет.

(Бердақ).

5. Атаулы сөйлем болып келеді:

Қақарлы қыс. Қалың қар.

(Ж.Аймурзаев).

6. Қаратпа сөз қызметін атқарады:

Сен мәңгі азатсаң, жолдас Арыұхан

Хей, көп азап көрген Қарақалпақ қызы

(И.Юсупов)

Атау септігіндегі зат есімдер (*сайын, ушын, қаққында, арқалы, менен*) септеуліктерімен қолданылады.

Ілік септігі

Ілік септік тұлғаларының көне жазбалар тілінде мынадай варианттары бар: *-ың; -ің; -уң; -үң; -ның; -нің; -нүң; -наң; -нәң.*

Зерттеушілердің бірсыпырасы *-ың*, және *-ның*, яғни аффикстердің ең басында (*-н*) дыбысының бар не жоғына қарай, ілік септік қосымшаның екі түрлі таралуын (немесе қолданылуын) болжайды. Академик В.В.Радлов өзінің Алтын Орда жарлықтары жайлы белгілі еңбегінде (*-ың*) тұлғасын шағатай тіліне тән деп қарайды да, (*-ның*) тұлғасын шағатай тіліне немесе шығыс тілдеріне тән тұлға деп есептейді. Бұл пікір есімдіктердің септелуін еске алудан туса керек. Алайда, қазіргі түркі тілдері арасында мынадай заңдылық бар: азербайжан, түркмен, түрік және чуваш тілдерінде дауыссыз дыбысқа біткен сөздерге жалғанған ілік септік жалғауы(*-ың*) (басқы *-н -сіз*) тұлғалы болады да, дауысты дыбысқа біткен сөздерге (*-ның*) түрінде жалғанады. Басқа түркі тілдерінде (*-ың*) варианты зат есімдерге жалғанбайды, түбірдің соңғы дыбыстың фонетикалық сапасына қарай бірде (*-ның*), бірде (*-дың*), енді бірде (*-тың*) болып өзгеріп отырады. Қазіргі қазақ тілі соңғы топқа жатады. Орхон-Енисей жазбалары тілінде ілік септіктің қолданылуы: *Күл тегін Байырқұның ақ адғырығ*

бініп оплайу тегді. (Күлтегін Байырқұның ақ айғырын мініп шабуылға шықты)

Бұл үзіндіден мынаны көруге болады: зат есімдерге (-ның) түрінде (байырқұның) жалғаса, есімдікке -ың түрінде (мен-ің) жалғанған. Бұл жерде түркі тілдерінің ежелгі кезеңдеріндегі есімдіктер мен есімнің септелуіндегі айырмашылық байқалады. Дегенмен, сол айырмашылық Орхон-Енисей жазбалары дәуірінде-ақ ілік септік ыңғайында өз жүйелілігін жоғалта бастаған. Жоғарыда келтірілген сөйлемдер құрамында есімдіктерге тән (-ың) тұлғасының есімдерге де қосыла қолданылуы сонны көрсетеді. Осы жайды еске алсақ, қазіргі бірсыпыра түркі тілдерінде кездесетін (бізнің) тұлғасы жаңа құбылыс деп танылуға тиіс те, (бізнің) тұлғасы біршама көне тұлға деп танылуға тиіс болды. Орхон-Енисей жазбаларында жіктеу есімдіктері тек дауыссыздарға аяқталады. Олардың дауыстыларға аяқталған бір ғана варианты (са II жақ жекеше) Қашқари сөздігінде кездеседі. М.Қашқари былай деп жазады: «са-сен мағынасындағы сөз. Са айурман-саған айтамын. Бұл сөздердің соңындағы әліп «сен» сөздігі «н» орнына алмасқан, яки сеңе сөзінің түсіп қалған». Тағы бір жерінде мынадай мысал келтіреді: *Бу оғул сенің му?- Бұл ұл сенікі ме?* «Кодекс Куманикусте» ілік септіктерінің жалғауы I ж жіктеу есіміне -м (-ым, -ім) түрінде жалғануы да кездеседі. *Менім учун йалбарсыңдар бы теңріге (Менің үшін жалбарыныс бұ тәңірге).*

Ілік септік жалғауы варианттарының Орхон-Енисей жазбаларындағы, М.Қашқари сөздігіндегі қолдану заңдылығы кейінгі Алтын Орда ескерткіштерінде де кездеседі.

Шабан айының алтынчы күнінде (ЯТ) (Шабан айының алтыншы күніне). Орта ғасырларда ілік тұлғасы басқа септіктер жалғанатын (әсіресе есімдіктерге) негіз болған. Бұл әсіресе, XI ғасыр ескерткіші «Құтағду білік» тілінде айқын көрінеді: *меніндің, сеніндің* т.б.

есімдіктердің септелуінде сақталған. Алайда, қазақ тілінде (мұнында, соңында) тәрізді тұлғалануда ілік емес, тәуелдік жалғауы болса керек.

Ілік септік тарихи ескерткіштер тілінде де, қазіргі тілімізде де меншіктілік мән берудің басты тәсілі есебінде түсініледі. Түркі тілдері тарихын зерттеушілердің бірі Бангтың түсіндіруінше, ілік септік алғашқыда «субъектінің айналасындағы, қасындағы» дейтін мәнді білдірген де, меншіктілік мән соның негізінде қалыптасқан.

А.М.Щербак ілік септік мәні алғашында да меншіктелу, тәуелдену мәнерімен келген деп қарайды.

Ілік септік көне ескерткіштер тілінде кейде өзімен тетелес сөздердің тәуелдік жалғаулы болуын талап етсе, кейде тәуелдік жалғауынсыз меншіктік мән бере алады. Мысалы: *біздің еб (Біздің үй)*

Ілік септік жалғауының қолданыстағы негізгі мағыналары мына төмендегідей:

Бүтіннің бөлшегін, құрама салаларын білдіреді: Алығлы тоңузлы арт үзе соқушмыш ерлиш, адығын қарны йарылмыш тонузун азығы сынмыш. (Аю мен қабан асуда кездесіп соғысты, аюдың қарны жарылды, қабанның азуы сынды).

Ілік септіктегі конструкциялар кісілер, заттар арасындағы қатысты байланысты білдіреді: Бөнің будунум апта ечүч (Т) (Менің халқым ана жақта еді).

Ілік септікті конструкциялар сонымен қатар, абстракт меншікті де білдіреді: Табғач қағаның ічеркі бедізчиг ыты (ят) (Табғач ханының ішкі жақтағы бедрешісі келді).

Қазақ тіліндегі кейбір конструкциялардың қалыптасу процесі тұрғысынан көңіл аударатын болсақ жайт-ілік септіктің кейбір фразалар құрамында қолданылуы.

Ілік жалғауы белгілі дәуірлерде (біле, үшін) шылаулары жіктеуінде болған. Соған орай қазіргі тілімізде кейбір ілік жалғау орнына әдетте сөз

жасаушы деп қаралатын аффикстердің қолданылуы да бар. Ол, әсіресе тілімізде соңғы дәуірінде қалыптасқан терминдік тіркестер құрамынан жиі ұшырайды. Мысалы: *Ауылдық жер, мемлекеттік бюджет* т.б. терминдік тіркестердегі екінші бір грамматикалық тәсілмен өзгертіп *ауылдың жері, мемлекеттің бюджеті* деп айтуға болады.

Ілік жалғауының негізі жайлы пікірлерді қорытындыласақ оның арасындағы негізі о баста арнайы қосымша болған дейтін ойға саяды. Мәселе тек (-ның) тұлғаларының алдындағы (-н, -нің) шығуында ғана. Есімдерге жалғанатын қосымшалардың басқы (-н) дыбысы морфологиялық ығысудың нәтижесі.

Қарақалпақ тілінде ілік септігі зат есімдер екі формада қолданылады: аффиксті және аффикссіз. Аффикссіз қолданылатын формадағы кейбір зерттеулер (олардың формасын есепке алып) атау септік формасы деп қарайды және олардың пікірі бойынша, *ілік және табыс септіктеріне сәйкес келеді*⁵: *қала паркі, шай ішу*. Бірақ түркі тілдерінің грамматикасы бойынша жазылған көптеген еңбектерде бұл пікірді қате деп есептейді⁶. Және аффикссіз формадағы да ілік септік формасы деп қарайды. Мысалы: *мекеменің бастығы-мекеме бастығы* сияқты сөздің формалары арасында айтарлықтай өзгешелік жоқ.

Ілік септік зат есім сөйлемде басқа зат есімдер және субстантивтенген сөздерді анықтап төмендегі мағынада қолданылады:

1. Белгілі бір предмет иесін, меншікті білдіреді. Республикамыздың астанасы, оқушылардың дәптері т.б.

Мысалы: Қандай жақсы бирадар,

Адамзаттың жүрегі (И.Юсупов)

⁵ Современный казахский язык. Фонетика и морфология. Алма Ата 1962, 160-бет Современный татарский литературный язык. Лексикология, фонетика, морфология. Москва «Наука» 1969, 141-бет.

⁶ Гордлевский В.А. Грамматика турецкого языка. Избранное сочинения. Том II. Язык и литература. М, 1961, 55-бет;

Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка М-Л. 1960, 93-бет.

2. Бүтіннің бөлішегін (ілік септігі зат есім бүтіндігі, ал тәуелді зат есім оның бөлегін білдіреді: көйлектің жеңі, қаланың көшесі, теректің бұтағы).

3. Сан есім. Бірге келгенде, ілік септігі зат есім біркелкі предметтерді, ал тәуелденген сөз олардың бір топарын ажыратып, бөлектеп көрсетеді: балалардың біреуі, спортшылардың озып шыққандары.

Бір түбірден болған байланыстағы сөз тіркесіне келгенде, ілік септігі сөз заттарды, ал тәуелденген сөз ажыратып ерекше ерекше көрсету мәніне ие болады: Мысалы: Батырлардың батыры, ақынның-ақыны. Ең ұллының ұллысы-халық (С.Бекмуратов)

4. Ілік септігі сөз етістік формалары мен келгенде, ол іс-әрекеттің логикалық субъектін немесе объектін білдіреді: Мысалы: Кеуілимнің билип, сезгенин жаздым (Бердақ).

5. «өзі» есімдігінің алдыннан тіркесіп келген ілік септігі зат есім сол предметті айрықша атап көрсетеді: баслықтың өзі бұйырды, директордың өзі келді.

Ілік септіктің аффиксті қолданылуы. 1. Ілік септігі зат есім сөйлеуші мен тыңдаушының белгілі предметті білдіргенде, ол аффиксті келеді: совхоздың атызы, ауылдың адамы т.б.

2. Меншікті зат есімдер конструкциясында келгенде жалғаулы қолданылады: Хожелінің базары. Мусаевтың қосығы т.б. Мысалы: Доспан Айдостың қолтығынан көтеріп атына мингизиўге таярлана бергенде, Құтлымурат инақ пайда болды.

3. Ілік септігі сөздердің өзі арнаулы анықтауыштарына ие болғанда: кешегі баланың жолдасы, менің достымның тапсырмасы. Мысалы: Қызыл жүзлі жигиттің қызарғаны өлгени (нақыл).

Шеңгелге қонған бұлбилдің

Шымшық құрлым сәни болмас

(Бердақ)

4. Ілік септігі зат есім және тәуелдеген сөздердің арасында басқа сөздер болғанда: *қаланың кең көшелері, жазушының жаңа шығармасы.*

Қарақалпақтың туған жерге ықыласын

Тәбият та сынамақшы болады

(Ш.Аяпов)

5. Біркелкі заттың иесін білдіргенде: *Оқыушының кітаптары да, дәптерлері де таза.*

6. Жіктеу есімдігі және субстантивтенген басқа сөз таптары ілік септігінде аффиксті қолданылады. Мысалы: *Ол менің хатымды сирә оқымағандай, я гәп қозмайды, я жууап бермейди.*

(Т.Қайыпбергенов)

Жақсының үйіне адам көп келер

(Бердақ)

7. Ілік септігі сөздерге айрықша назар аударып, сол предметті басқалардан ажыратып көрсеткенде аффиксті қолданылды. *Бизиң аўылдың емес, қоңсы аўылдың адамы.*

8. Бөлшектік сан есімнің бөлімі ілік септігінде аффиксті қолданылады: *үштің бири, жетінің бири.*

9. Көмекші зат есімнің алдында келгенде ілік септігі аффикстер мен де, аффикссіз де қолданылады: *дослардың алдында –дослар алдында, үйдің иши-үй иши, есиктің алды-есик алды.*

Ілік септігінің аффикссіз қолданылуы:

1. Географиялық атауларда: мекеме, көше, т.б. атауларда *Шымбай қаласы, Әжинияз көшесі, Арал теңизи.*

2. Грамматикалық белгісіздікті, жалпылықты білдіргенде: *илим кандидаты (салалардың: филология илимлерінің кандидаты).*

3. Ілік септігінде біркелкі мүшенің алғашқысы аффикссіз қолданылып, тек олардың соңғыларына аффикс жалғануы мүмкін. *Бизлер Күнхожа,*

Әжинияз, Бердақ шығармаларын үйренеміз. Ілік септік аффикстердің жалғаныуы не жалғанбауы стильдік мақсатқа да байланысты болады. Мәселен, біркелкі мүшелердің әрбіріне жалғануы немесе еш жалғанбауы мүмкін. Ол сөйлеушінің мақсатына, сөйлеу интонациясына байланысты болады: *Мен Москваның, Ташкенттің көшелерін араладым.*

Табыс септігі

Табыс септік жалғауы әдетте тура толықтауыштың грамматикалық көрсеткіші деп қаралады. Осында, *бір жағынан* табыс жалғауының грамматикалық қызметін айқындаса, *екінші жағынан*, оның негізгі мағынасы деп көрсетіледі. Табыс жалғауы қашан да іс-әрекет таралған тура объектіні білдіретін грамматикалық тәсіл есебінде танылады. Түркі тілінің көпшілігінде дерлік табыс жалғауы **(-н)** дыбысынан басталады, тек біразында ғана, соның ішінде қазақ тілінде **(-д,-т)** дыбысынан басталатын варианттар кездеседі. Соңғысының пайда болуы түбір мен қосымшаның шегінде болатын дыбыс үндестігінің салдарынан болса керек.

Көне түркі ескерткіштері тілінде табыс септік жалғаулары мына төмендегідей кездеседі:

1) *-s, -s, -ыs, -іs, -ұs, -үs; 2) -ы; -й; 3) -н, -ні, -ны*

Орхон-Енисей жазбаларында **(-ғ)** дан басталатын тұлғалар мен **(-н)** дан басталатын тұлғалар жарыса қолданылған. Бірақ бір-бірінен өзгеше болып (мағынасы мен қызметі бір болса да) келетін, осы екі топ белгілі бір жүйе бойынша қолданылған деп жиі айтылып жүр. Зерттеушілердің көпшілігі **(-ғ)** тек қана зат есімге (не соның қызметтерге), ал **(-ы)** тәуелденген сөздерге, **(-ны)** есімдіктерге жалғанған деп қарайды. Негізінен осындай жіктеліс болғанын қостай отырып, кейде ол жүйенің сақталмаған реттері де болғанын ескеру керек. Мысалы: *Күл тегін Адман ақығ бiнiп...* *Күл тегiн өгсiз ақын бiнiп...* (*Күл тегiн Азман ақты мiнiп. Күл тегiн меңсiз ақты мiнiп*). Осы екі сөйлемде бір ғана **(ақ)** сөзі әр түрлі тұлғаланған:

ақыз, ақып. Әрине, мұндай фактілер екі түрлі варианты қолдануда белгілі бір жүйе қатаң сақталғандығын дәлелдемейді.

Ескерткіштер тілін хронологиялық жүйемен қарастырғанда (–ғ) тұлғаларының *XI-XII* ғасырдан бері қарай аспайтынын байқауға болады. Алайда, бұл дәуірлерде (–ғ) тұлғасы Орхон-Енисей жазбаларындағыдай көбіне есімге ғана емес, есімдікке де жалғанып қолданылған. Кейінгі жазбаларда («Кодекс Куманикусте» Алтын Орда ескерткіштерінде) бұл тұлға атымен кездеспейді. Табыс септік қолданылуын әңгімелегенде, қарастырылуы қажет жайт-оның жасырын, не ашық қолданылуының заңдары болса керек. Қазіргі тюркологияда табыс септіктің мұндай қолданыстарын заттың белгілі, не белгісіздігімен байланыстыратын көз-қарас аса жиі айтылады. Көне жазбалар тілін зерттеушілердің көпшілігі көне түркі тілдерінде табыс жалғауының ашық, не жасырын келуі белгілі бір жүйені аңғартпайтынын айтады. Сөйтіп, қазіргі тілшілерге зерттеушілердің едәуір бөлігі қолдайтын белгілілік-белгісіздік теориясы тарихи тұрғыдан дәлел таппайды: *йайдымыз, қазанын тұтдымыз, йабғучысын шадын апта өлтүртіміз. (соғыстық, қазаны ұстадық, йабуын, шауын өлтірдік).*

Көне түркі жазбалары тілінде табыс септік жалғауының негізгі қолданыстары төмендегідей: Істің, әрекеттің таралу объектісін білдіреді: *Аның атын арғұртты. (Оның атын болдыртты).*

Тура толықтауыш біздің қазіргі тілімізде, сабақты етістіктермен ғана байланысып келетіні мәлім. Алайда, көне түркі ескерткіштерін зерттеушілер ол тіліндегі толықтауыштар әрқашан тек сабақты етістіктерге ғана қатысты болып келмейтінін айтады. Көне ескерткіштер тілінде (V-VIII ғ) тура толықтауышты өзіне бағындырып келетін етістіктердің толық емес тізімі мынадай.

(С.Малов бойынша): қод (қою), келтүр (келтіру), сы (сыпыру), ас (асу, тасудан асу) т.б. Осы етістіктердің біразы іс-әрекетті белгілі бір

объектімен байланыстыра білдіруге бейім болса, кейбір мекен-көлемдік т.б. мән беруге ыңғайлы. Екінші сөзбен, тура объектілік мәннен гөрі, басқа грамматикалық қатынасында жұмсалуға әлдеқайда қолайлы сөздер. Сонымен көне түркі тілдерінде табыс жалғаулы сөздер сабақты етістіктермен қатар, салт етістіктерге қатысты да қолданылған. Табыс жалғаулы сөздердің бұл ерекшелігі олардың мекен, көлемдік, құралдық мағына беруіне де мүмкіндік берген. Қазіргі әдеби тіліміздің қазіргі нормасы тұрғысынан *бұрышты айналды, бұрыштан алды* немесе *баласын ұрысты, баласына ұрысты* тәрізді тіркестер құрамындағы табыс, жатыс жалғауының қолдануы, немесе табыс, жатыс жалғауының арасында пәлендей семантикалық айырмашылық байқалмайды. Табыс жалғауының мұндай мағыналары шығыс және көмектес септік жалғауының арнайы морфологиялық тұлғалар есебінде қалыптаспаған дәуірінің іздері болуы да мүмкін. Түркі тілдерінде шығыс және көмектес жалғаулары кейін пайда болғаны (әсірсе көмектес септік) мәлім. Солай деп ұйғаруға табыс септіктің сабақты етістіктермен де, салт етістіктермен тіркесіп келуі себеп болады.

Жоғарыда табыс жалғауының көне түркі жазбаларында кездесетін варианттардың үш тобы көрінеді: **-ғ** және **-н** (*-ын, -ны*) варианттарының қолданылуы жайлы айтылады. Ал **(-ы)** варианты болса тек бірен-саран есімдер құрамында ғана ұшырасады: *ан-ы, мен-і* т.б. Қазіргі осман түріктері тілінде де табыс жалғауы дауыссыз дыбыссыз қолданылады: **-ы, -й, -у, -ү**¹.

Табыс септік жалғауының пайда болуын бірсыпыра зерттеушілер ілік септік тұлғасымен байланыстырады. А.Н.Кононов табыстың көне түркі тілдеріндегі тұлғасы **-ғ** (**-ығ, іг**) ілік септік жалғаулы құрамындағы мұрын жолды **-ң** дыбысының (**-ың**) өзгеруінен шыққан деп шамалайды. Бұл ретте

¹ Muharrem Ergin Turk die bigisi Sobia/ 1970 220-221 бетлер.

Орхон-Енисей жазбаларындағы II-жақтық жалғау –г, -ғ мен қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде кездесетін сондай жалғау –(ы) ң және осман түрктері тіліндегі –(ы) н-нің сәйкестігі дәлелге алынады. (*йаздығ, йаздың, йаздын*).²

В.А. Богородицкий бұл мәселені сәл басқаша түсіндіреді. Ол бұл жалғаудың алғашқы түрі оңтүстік-батыс тілдерінде кездесетін –ы, –і варианты деп қарайды. Есімдіктер түбірге жалғанған кезде түбірдің соңғы (н) дыбысы морфологиялық ығысу заңы бойынша қосымшаға ауысқан (*мен-і, ме-ні*). Кейін осы құрамда есімдіктердің септелуіне де ауысқан. Ал, (-ы,-і) тұлғасын этимологиялық жағынан тәуелдік жалғауының III жағымен байланыстырады. Оның ойынша, табыс септігі объектілік мән береді, ал тәуелдіктің III жағы да нақ сондай объектілік мәнде айтылатын категория. Функциональдық осы ұқсастық табыс тұлғасының белгілі бір дәуірде тәуелдіктің III жағы есебінде қолданыла бастауына негіз болса керек. (грамматикалық аналогия).³

Сонымен, ілік жалғауының генезисі туралы айтылғандығын ескерсек табыс жалғауының қалыптасуы бір кезгі тәуелдік жалғауының есімдіктерге жалғанып, морфологиялық ығысу процесіне ұшырауының нәтижесі деп қарау орынды. Ал, ілік жалғауы болса (есімдерге жалғанатын -ның), осы жалғауының морфологиялық ығысуға (есімдерге жалғанатын -ның), осы жалғаудың морфологиялық ығысуға екінші рет ұшырауының нәтижесі болса керек.

Қазіргі қазақ тілінің материалдары мынаны дәлелдейді: есімдер мен есімдіктер арасындағы көне түркілік шектеліс табыс септік ыңғайында тек жіктеу есімдіктерінің жекеше I-II жақтарында (әдеби тілде), сол сияқты ішінара көпше I-II жақта (диалектальдық ауытқу) ғана сақталғанын көрсетеді. Басқа жағдайлардың бәрінде де есімдер мен есімдіктердің

² Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого 96-бет

³ В.А. Богородицкий. Введение в татарское языкознание. 155-156 бетлер.

септелуінің арасындағы айырмашылық жойылып кеткен. Екінші жағынан, көне түркі тіліндегі есімдерге жалғанған табыс қосымшасы сақталмаған. Олай, болса, қазақ тіліндегі табыс жалғауы көне түркілік есімдіктерге жалғанатын табыс жалғауының күрделенген түрі.

Қарақалпақ тіліндегі табыс септігі зат есімдер әркеттің тікелей объектіні көрсетіп, (*кімді? нені?*) сұрақтарына жауап береді және сөйлемде тура толықтауыш қызметін атқарады: *адамды, теңізді, қонақты*. Мысалы:

Әжинияз бенен бирге жүрдим

Күнхожаны тақыйқ көрдим.

Шайырлықты бәржай қылдым,

Ирикпеди сөзимди мениң

(Бердақ)

Қарақалпақ тіліндегі табыс септігінде, ілік септік сияқты кейде аффиксті, кейде түсіріліп, аффикссіз де қолданыла береді. Оның осылайынша қолданылуы предметтің анық және анық емес мағынасына да байланысты болады. Мысалы: «*Бизге кітапты беріп жиберсин*» деген сөйлемде «*кітап*» сөйлеуші және тыңдаушыға белгілі, анық зат сондықтан да табыс септік аффиксі қолданылған. Ал «*Бизге кітап беріп жиберсин*» деген сөйлемде кітап-сөйлеуші және тыңдаушыға белгілі емес, ол жалпы кітапты аңдатады, белгісіз қалеген кітап болуы мүмкін, конкрет емес, сондықтан да табыс септік бұл жерде аффикссіз қолданылған.

Табыс септігі зат есімдер қазіргі қарақалпақ тілінде төмендегі жағдайларда аффиксті қолданылады:

1. Меншікті зат есімдермен. Мысалы:

Бердимурат халықты, халық Бердақты

Жалғызындай көрер жаннан жақсырақ

(Бердақ).

Москваны көріп келдім.

(А.Дабылов).

2. Табыс септігіндегі зат есім өзінің анықтауышына ие болғанда аффиксті қолданылады. Мысалы: *Сен ана атты әкеліп шанаға жек.* (К.Султанов).

3. Тәуелденген зат есімдер табыс септігінде аффиксті қолданылады. Мысалы: *Арыңды жастан сақла.* (нақыл).

4. Табыс септігінде зат есімдермен баяндауыш арасында басқа сөздер келгенде табыс септік аффиксті қолданылады. Мысалы: *Малды тапқанға бақтыр, отында шапқанға жақтыр.* (нақыл).

5. Табыс септігіндегі зат есімдерге логикалық епкін түскенде, ол аффикстермен қолданылады. Мысалы: *Халық сені емес, Төремурат супыны қәдір тутады.* (Т.Қайыпбергенов).

6. Заттанған басқа сөз таптары табыс септігінде аффиксті қолданылады. Мысалы: *Тауық көргенин шоқыйды, молла билгенин оқыйды.* (нақыл).

7. Бір түбірлес сөз қайталанып, оның екіншісі объектіні білдіргенде, ол табыс септігінде аффиксті қолданылады. Мысалы: *Балықшы балықшыны узақтан көрді.*

8. Табыс септіктің аффиксі біркелкі зат есімнің әрқайсысына немесе олардың тек соңына жалғануы мүмкін. Салыстырың: *Бизлер хайұанат бағында тилди, айыұды, жолбарысты хәм қасқырды көрдик. Бизлер хайұанат бағында тил, айыұ, жолбарыс хәм қасқырды көрдик.*

II бөлім

Қазақ және қарақалпақ тіліндегі көлемдік септіктер.

1 Барыс септігі

Қазіргі қазақ тілінде барыс септік тұлғасы: (-қа, -ға, (-ке, -ге) екені белгілі. Егер сөз тәуелдік жалғаулы болса, онда алдыңғы (ғ, қ, г, к) дыбыстары түсіп қалады да, тек (-а, -е) түрінде ғана жалғанады. Соңғы тұлға азербайжан, түріктері, түркмен және чуваш тілдерінде барлық сөздерге да жалғанады.

Алайда, көне түркі жазбаларында бар септік жалғаулары бірнеше түрлі болып келеді. Олар мынадай: -ғару, -геру, -қару, -керу, -ра, -ре, -қа, -ке, -ға, -ге, -йа, (-йе), -а, -е Орхон жазбаларында істің бағытын, мекенін білдіруде барыс септіктің –ғару, -геру (кейде -қару) тұлғасы қолданылады: ілгеру (шығысқа), біргеру (оңға), күн ортусыңару (түстікке) йырғару (алға) т.б. –ғару аффиксі кісіні, халықты білдіретін сөздерге де жалғанып, ол сөздер істің бағытын, бағытталған пунктті білдіріп тұрады. *Ана тарқанғару ічре саб ыдмыс. (Ана тарқанға ішке қарай хабар жіберді).* Зерттеушілер (-ғару) тұлғасын құрамды, (-ға) және (-ру) аффиксінен тұрады деп қарайды.⁷ Егер (-ға) аффиксінен барыс септігінің қазіргі тұлғасы десек, -ру аффиксі өте ескі дәуірдің қалдығы, ол кейбір сөздердің құрамында ғана өлі тұлға есебінде сақталып қалған.

Бұл ретте қазіргі қазақ тілінде кездесетін (кері, ары, бері) тәрізді, сондай-ақ (тысқары, ішкері, сыртқары) т.б. сөздерді мысалға келтіру жөн. Істің бағытын, бет алысын білдіру мәнінде (-ру) аффиксі қазіргі чуваш тілдерінде сақталған көрінеді.

Сонымен қатар, көне түркі жазбаларының тілінде барыс септік (-ра, -ре) түрінде де кездеседі. Мысалы: Мойын-Чура ескерткіштерінде мынадай

⁷ Малов С.Е Памятники древнетюрской письменности, М, 1951, 45-бет.
Рамстедт Г. Введение в алтайское языкознание, 44-45 беттер .

сөйлем бар: *ічре бен булғайын, тіліс (ішке, ішкі жақты мен бүлік шығарайын- деді)*. Осындағы (ічре) сөзінің құрамындағы (-ре) барыс септік тұлғасы.

Көне түркі жазбалары тілінде жиі қолданылатын септік жалғауы –*қа, -ке, га, ге* тәуелдік жалғаулы сөздерге (-*а, -е*) түрінде жалғанған.

Бір ғана сөздің өзі бірде (-ғару) аффиксмен, бірде (-ға) аффиксімен берген. Мысалы: *Түрк қағанғару сүледім. (Түрк қағанына шабуыл жасадым)*.

-Қазіргі тіліміздегі жеке сөздер құрамында «өлі» қосымша есебінде бірде (-ғару (сыртқары) бірде –ру (бері, кері) сақталып қалған. Соған қарағанда, -ру (-ра, да) өте ескі түрі де (-ға) жаңа түрі болса керек (-ға) аффиксімен келген сөздер, лексикалық мағынасына қарай, іс-әрекет бағытын, мекен-орынды білдіреді. Мысалы: *Болчуқа таң үнтүру тегдіміз. (Болчуға таң ата жеттік)*. Сөздердің мекен-көлемдік мәнін айқындай түсу үшін (тегі) шылау сөзі тіркесіп отырады: *Бөклі қағанға тегі сүлейу бірміс. (Бөклі қағанға дейін шабуылдады)*.

Лексикалық тұрғыдан затты, нәрсені білдіретін сөздерге жалғанып, әрекет-қимыл бағытталған, орынланған затты, нәрсені білдіреді: Ол иеңе сөз тануды (Ол маған сөз айтты). –ға аффиксті сөздер мақсат, себеп мәнін де береді. *Ол ешічке отун қады (Ол тамақ асуға отын үйді). Аның үчүн келдім көргүзмеге (сол үшін келдім көруге)*. –ға аффиксінің бұл мағынасы рун жазбаларында аса сирек кездеседі. Кейінгі дәуір жазбаларында осы аффикс арқылы бұл мағынаны беретін сөздер зат есімдер емес, қимыл есімдері ғана. (-ға) аффиксті сөздер мезгіл, уақытты білдіріп, жатыс септік орынан қолданылады:

Күлтегін қон йылқа йіті йегірлікке учды, тоқузынч ай йеті отузқа йог ертіміз. Күлтегін қой жылында он жетісінде өлді, тоғызыншы айда жиырма жетісінде жерледік. Кейінгі Алтын Орда ескерткіштерінде мезгіл, уақыт мәнінде жатыс септік жалғауының қалыптасқанын көруге

болады: *Тарих секіз йүзде барыс йылы шабан айының алтынчы күнінде.*
(*Тарих сегіз жүз де барыс жылы шабан айының алтыншы күнінде*).

Орхон-Енисей жазбаларында (-ға) тұлғасы, сонымен бірге, бір нәрседен, кісіден ажырау мәнінде шығыс септік орнына да қолданылған: *сіз еліме кунчуйма оғлану ма будунума сізме алтмыш йашымда.* (*Сіздерден, елімнен, бәйбішемнен, ұлдарымнан алтыс жасымда айрылдым*). Барыс жалғауы мен шығыс жалғауының синонимдегі қазіргі қазақ тілінде (мектепте оқыды, мектептен оқыды) тәрізді ыңғайларда ғана байқалады. Заттың, істің кімге, неге арналғанын, кімге, неге қатыстылығын да білдіреді: *Түрік Білге қаған іліне бітітдім бен білге Тонуқуқ* (*Түріктердің Білге қағанының еліне жаздырдым, мен данышпан Тонықун*). Бұл қолданысты қазіргі қазақ тіліндегі балама (арнай) кітап алдым тәрізді сөздер қолданысты қазіргі қазақ тіліндегі балама (арнап) кітап алдым тәрізді сөз қолданыстар мен қатар қоюға болар еді, (-ға) аффиксінің көмектес септікке синонимдес қолданылуы да бар: *Ер қағу қушқа соқушмыс.* (*Ер аққу құспен кездесті*). Қазіргі қазақ тіліндегі екі түрлі септікті: барыс және көмектесті меңгереді.

Рун жазбаларындағы көмектес септік (немесе (бірле) шылауы орнына), барыс септіктің қолданылуы да меңгеруші етістіктің лексика-грамматикалық табиғатынан тұған құбылыс. Бұл заңдылық қазіргі қазақ тілінде де бар. Көне түркі жазбаларындағы барыс септікті меңгеріп етістіктер де, септік жалғауының көп мағынада жұмсалыуына қарай, әр қилы. Олардың толық емес тізімі мынадай: *адырыл (айрылу), бар (бару) уч (ұшу, өлу), кел (келу)* т.б. Көне түркі тіліндегі барыс септікпен жұмсалатын етістіктің ішінен салт етістіктерді де, сабақты етістіктерді де көруге болады. Бұл жағынан қазіргі қазақ тіліндегі нақ осындай құбылыстан едәуір айырмашылығы бар. Кейбір етістіктер біздің тілімізге жеткенше өзінің меңгеру қабілеті кеңейтіп, ал кейбіреулерінің сол қызметі ықшамдалып таралғандығы байқалады. Мысалы: *ай (айту) соқуш*

(*жолығу, соғу*) етістіктері сондай. Қазіргі қазақ тілінде бұл етістіктер тек барыс жалғауларды ғана емес, сонымен бірге табыс (айту) көмектес (соқуш) жалғауларды да меңгереді. Мүмкін мұндай ерекшелік бір жағынан, олардың құрамында болған морфологиялық өзгерістермен (ай- (ай-т) де байланысты болар. Ал кейбір етістіктердің даму барысында бүтіндей басқа септік жалғауына ауысуы да байқалады. Мысалы: *адырыл (айрылу)* етістігі осындай.¹

Енді бір-екі сөз барыс септіктің қосымшасының тарихи құрамы туралы А.Н. Кононов ескі түркілік (бар) жалғау *-ғар, -ғару* мен есімдіктің келер шағын жасайтын *-ар, -ер* бір ғана аффиксінің екі түрлі көрінісі деп қарайды.²

Б.А. Серебренников функциональды аффикстердің қосындысы деп дәлелдейді. Тілдің өте ежелгі дәуірлерінде директив (бағытты білдіретін) септіктер аса мол болған³. Қазіргі түркі тілінде жеке сөздер құрамында істің, заттың ішкі аумағын, бағытын білдіру мағынасында (*йоқарық-жоғарыға, йерік-орынға т.б.*) *-к/-ғ* аффиксі сақталған, ал *-а/-е* жалпы бағытты білдіруі мүмкін. Солай болуының тағы дәлелі кейбір тілдерде, мысалы, чуваш тілінде барыс қосымтасы (*-а*) түрінде сақталған. Кейін фузиялық құбылыстың нәтижесінде қалыптасқан *-қа / -ке* абстракцияланып, қолдану сферасы кеңеюі мүмкін.

Қазіргі қазақ тіліндегі барыс септік қосымшасын шолып қарағанда, бір ерекшелік назар аударылмай қоймайды. Барыс септік жалғауының қолданылу үлгілерінде (*мен, сен, ол, бұл*) атау есімдіктерінің тұлғалануы мен тәуелденуі есімдердің тұлғалануы мына тәрізді болады: *маған, саған, оған, анаған т.б.* сөйтіп бұл жерде барыс септіктің екі түрлі ерекше

¹ Септік жалғауының, соның ішінде барыс септік жалғауының басқа септіктер орнына қолданылуы, оның тарихи сыры жайлы пікірлер:

Щербак А.М. К. Характерические системы тюрских падежей. «Современный тюрский язык» 1972, №4.

² Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. М-Л, 1956, 225-бет.

³ Б.А. Серебренников. О взаимосвязи языковых явлений и их исторических изменений. «Вопросы языкознания» 1964, №3.

тұлғасы көрінеді: *-ған* және *-на*, *-ған* қосылып тарихи тұрғыдан қарастыру екі түрлі жайды ескеруді қажет етеді: **біріншіден**, басқа септік жалғауында жіктеу есімдіктері (*I-II ж*) өзінің әдеттегі дыбыстық құрамын сақтайды: *менің, сенің, мені, сені т.б.* Ал барыс септігінде түбірдің жіңішке дауысы жуан дауыстыға айналып кетеді: *ма-ған, са-ған*.

-ған қосымшасының тарихи құрамын анықтауда мына фактілер ескерілуі керек: көне түркі тілдерінде, қазіргі кейбір түркі тілдерінде де (құмық тілінде) барыс септіктің *-ғар* форманты бар. Н.К. Дмитрев шағатай әдеби тіліне тән деп қарайтын *-ғар* о баста дербес сөзден қалыптасты деп есептейді. Соңғы жайды ескерсек, қазақ тіліндегі *-ған* көне түркілік *-ғар* қосымшасына ешбір қатысты болмауы әбден мүмкін. Сондай-ақ Ф.Г. Исхаковтың: «Біздіңше, үш түрлі түсіндіруге болады:

1) *-ған, -ғар*; 2) *оған «ему» онға: (н) мен (ғ) метатеза жолымен орын ауысқан*; 3) *оған «ему»- оға, -ағар»¹* деп түсінуі де фактілермен дәлелдейді. Өйткені *р/н* ауысуын түркі тілдері тарихы білмейді. Көне түркілік *-ғару* тұлғасынан қалыптасқан дейтін пікірді Г. Рамстедт де аңғартады.² *-ған* тұлғасын *-(ға) -(н)* құрама элементтерге бөлуге дәлел көп. Жіктеу есімдіктерінің жуан дауыстылы варианттары болуын мүмкін деп қарасақ, *-ған* қосымшасының алдыңғы элементі жуан айтылуын түсінуге болады. Оның үстіне, көне түркі тілдерінде де, қазіргі бірсыпыра түркі тілдерінде (*маға, саға*) тәріздес тұлғалану бар. Солай деп есептесек, *-ған* қосымшасының соңғы элементін, В.Ванг, Э.В. Севортянның ізімен, басқа бір жалғау деп қарауға болады.³

Тәуелді сөздерге жалғанған барыс септіктің *-на* қосымшасын В.Котвич «Бұл III жақ тәуелдік қосымшасы мен барыс септік қосымшасының қосындысы : *+ы+н+а-* деп түсіндіреді⁴.» В.Котвич пікірін

¹ Исхаков Ф.Г. Местоимение. ИСГТЯ II. 1956.

² Рамстедт Г. Введение в алтайское языкознание 44-45 бет.

³ Севортян Э.В. Категория падежей ИСГТЯ II. 1956, 44-64 бетлер.

⁴ Котвич В. Исследование по алтайским языкам. 324 бет.

тек қана түркілік материалдар негізінде түсіндіру мүмкін бола бермейді. Өйткені тәуелдіктің 3-жағы түркі тілдерінде тек қана **–ы** (дауыссызға біткен түбірге) қазіргі түркі тілдерінің көпшілігі септік жалғауынсыз келген тәуелденген есімді осы сипатында ғана қолданады. Алайда, барыс септікте тәуелдіктің 3-жағындағы есімнің *(-на)* қосымшалы болып келуі түркі тілдері тарихында жаңалық емес, ежелгі құбылыстардың бірі.⁵

Сонымен, қазақ тіліндегі барыс септік кем дегенде екі түрлі септіктің ізін (мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да) байқатады. Барыс септіктің қазіргі тіліміздегі қосымшалары көне түркілік есімнің септелуі мен тәуелдеулі септеудің негізгі ерекшелеріне бейім түрінде қалған. Бірақ орта ғасырлық түркі әдеби тілінде («Құтадғу білік» тілінде) ұшырасатын барыс септік жалғауының әркелкі қолданысы қазіргі тілімізден байқалмайды.

Қарақалпақ тіліндегі барыс септігіндегі зат есімдер төмендегі мағынада қолданылады:

1. іс-әрекеттің бір объектіге бағдарын: *муғаллимге айтыў, ылайға батыў т.б.*

Халыққа өрнек жол баслап,

Аллангорға әпкелди

Екеуи еки баспақ

(А.Дабылов)

2. Белгілі бір мекенді, предметтің неге арналғанын: *малға азық, жәмийетке пайда. Мысалы: Азан менен баспақты өз қолыңнан Айдосқа тапсыр.* (Т.Қайыпбергенов)

3. Мезгіл мағынасындағы зат есімдер барыс септігінде белгілі бір уақыт аралығын аңдатады: *еки жылға оқыўға кетти, бир айға командировкаға кетти.*

⁵ Насимов М.В. Древнеуйгурский язык. 39-40 бетлер.

*Балам, азанда бир тойсаң,
Мезгилге зордан шыдайсаң*

(А.Дабылов)

4. Ис-әрекеттің мақсатын білдіреді: *ойласыққа шақырыў, аңға шығыў.*
Мысалы: Сизлерге жәрдемге келдик. (К.Султанов)

5. Ұқсастықты салыстыру, теңеу мағынасын білдіреді: *мысалы: Сонда ол бий қайнағаны ҳақыйқат көргии мергенге ортанышы қайнағаны мылтыққа, ал сени оққа меңгеретуғын еди.* (Т.Қайыпбергенов)

Пазыйлет билмеген надан

Төрт аяқлы малға мегзер

(Әжинияз)

6. Барыс септігіндегі зат есім сан есімдермен қолданылып, предметтің құнын білдіреді: *Отыз сомға азық-ауқат алды.*

7. «саат» сөзімен қолданылып, сандық белгіленген бір уақытты білдіреді. *Мысалы: Саат беске келиң.*

8. Предметтің бір белгілерінің характерлі екенін аңлатады: *сөзге жарлы, салыға бай.*

Әдеп-икрамлы, ақылға зийрек

Қызлары билимнің қушағын ашқан

(Ж.Аймурзаев)

Барыс септігі зат есімдер (*жақын, қарай, дейін, шейін, қарап*) және т.б. септеуліктермен қолданылады.

2. Шығыс септігі

Шығыс септік тұлғасы қазіргі түркі тілдерінде әр түрлі варианттарында кездеседі: бірсыпыра тілдерде тек (д) дыбысын ғана басталса, кейбірінде тек қана қатаң (т) дыбысынан басталады. Ал, қазақ тілі мен тағы да кейбір тілдерде (т, д, н) дыбысынан басталған, дауыстының ыңғайласа қарай алты түрлі вариантта ұшырасады. Түркі тілдерінің өте ескі кезеңдерінде шығыс мәнін беретін орнына қосымша болды ма дейтін мәселеде бірсыпыра зерттеушілер бұл қызметті сөйлем құрамында жатыс септік атқарған деп қарайды. Мұндай көзқарасқа дәлел болатын Күл тегін мен Тоныкөк ескерткіштерінің тілі. Бұлардың екеуінде де шығыс септіктің арнаулы тұлғасы өте сирек ұшырайды. Ал, оның қызметін, мәнін осыдан бұрын айтылғандай, көбінесе жатыс жалғауы атқарған. Осыған сүйене отырып *Радлов* та, кейін сол жазу ескерткіштерін жинап, грамматикалық комментарий берген. *Малов* та ол дәуірде шығыс септіктің арнайы қосымшасы бар деп айтпайды. Дегенмен, мына сөйлемдер құрамындағы бір-екі мысалға тоқталайық: *Өңден қағанғару сү йорыдым. (Т). (Оң жақтан хандыққа қарай әскер аттанды. Өңден сөзі шығыс тұлғалы екені, мекендік (іс-әрекеттердің шығар көзі) мәнде қолданатыны айқын.*

Сол сияқты, осыған ұқсас жеке фактілер «ГК»-де де кездеседі: *Тоган қуш теңгіден қода. (ГК) (Тұйғын құс аспаннан құлдайды).*

Шығыс септік қосымшаларын ескерткіштер бойынша салыстырып қарағанда мына жайт байқалады: көне түркі жазбаларында қысаң дауысты варианттар да, ашық дауысты варианттар да (-тан, тен, -ден) кездеседі. Қашқари сөздерігінде де солай.

Сірә, бұл Қашқари сөздігінде сол кездегі түркі тайпалары тілдерінің барлығының материалы берілуіне байланысты болса керек. Ал «*Мухаббатнамада*» тек қана қысаң дауысты варианттар кездессе, *КК*-те көбіне ашық дауысты варианттар ғана бар. Орта ғасырлық Алтын Орда

ескерткіштерінде бір ізді жүйе сақталмайды.¹ Кейбірінде көне ұйғырлық қысаң дауысты варианттар қолданылса, кейбірінде («Гүлстан») тек қана ашық дауысты варианттар қолданыс тапқан. *А.М.Щербак* X-XII ашық дыбысты варианттардың ұйғыр-оғыз диалектілері тілінде, қысаң дауысты варианттардың қарлуқ, тілінде жиі кездесетіндігін дәлелдейді.¹

Шығыс жалғауының этимологиялық негізін зерттеушілерінің қайсысы да оның алғашқы бөлігі (*да-н*) жатыс жалғауы деп қарайды. Соңғы элементтердің тегі жайлы әр түрлі пікірлер бар.

*Рясянен*нің ойынша шығыс септік тұлғасы жатыс және құралдық септік тұлғаларының қосындысы.² *Рамстедт* сәл басқалау түсіндіреді. Ол көне жазбалар тіліндегі бірен-саран сөздерге шығыс жалғауының қабаттасып жалғануын (оғуздантан т.б.) негізге алып, мынадай жорамал айтады: іс-әрекеттің шығар пунктін айқынырақ айту үшін жатыс жалғауларының үстіне (*йан*) (*жаны*) сөзі тіркестіріле қолданылған: *оғуздайан*. Кейін жатыс жалғауымен этникликаның (*йан*) кірігіп, қысқаруы нәтижесінде (*-дан*) тұлғасы шыққан.³

Бұл тұлға жайында соңғы кезде пікір айтқан *Б.А.Серебренников*. Ол *Рясянен* пікірін де, *Рамстедт* пікірін де толық қостамайды. Шығыс қосымтасы (*-да*) негізінде қалыптасқанын айта отырып, *Б.А.Серебренников* соңғы элемент (**-н**) құралдық мәнді (инструктив) емес, белгілі бір орыннан басқа жаққа жұмсалған қимылдың бағытын (латив) білдіретін қосымта болу керек деп есептейді. Қазіргі шығыс септіктің мәні мен қызметін ескерсек, ғалымдардың бұл пікірі шындыққа әлдеқайда жақын екенін мойындамасқа болмайды. Сөйтіп, *-дан* құрамын тарихи тұрғыдан былай түсіндіруге болар еді: (**-да**) істің статикалық (қозғалыссыз) мекенін (локатив) білдіреді де, (**-н**) істің бағытын (латив) білдіреді.

¹ Наджип З. Кыпчакско-огузский литературный язык 45-бет.

¹ Щербак А.М. Грамматический очерк языка тюрских текстов 81-82 бетлер.

² Структура и история тюркских языков. 1970, 114-бет.

³ Рамстедт Г. Введение в алтайское языкознание 43-бет.

Осы ізбен (*таман, дейін, шейін, кейін*) сөздері құрамындағы (-н) ді бір кезгі сондай қосымша деп қарау керек.

Шығыс септік тұлғаларының ерекше түрі, (*мен, сен*) есімдіктің септелуінде кездеседі: *мен-ен, сен-ен*. Көне түркі ескерткіштері тілінде де, қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде (башқұрт, алтай, шор тілдерінен басқалары) I-II жақ жіктеу есімдердің шығыс жалғауында мұндай тұлғалануы кездеспейді. Қазақ тіліне жақын деп қаралатын қыпшақ жазбалары тілінде де (*мен, сен*) есімдердің шығыс септікте тұлғалануы (*мен-ден, сен-ден*) тәріздес⁴, яғни қазіргі көпшілік түркі тілінде кездесетін жүйемен келеді. (*мен, сен*) есімдері осы тәріздес болса да, бұлардың көпше түрі зат есімдермен бірдей: *біз-ден, сіз-ден*. Сөйтіп айырмашылық тек жекеше түрінде ғана. Ф.Г. Исхаков бұл ерекшелікті: «Септелетін негіздің соңғы (н) дыбысы аффикстің басқа н (д) дыбысымен ұласып кеткен» деп түсіндіреді.⁵

Ф.Г.Исхаковтың ізімен түбірдің соңғы дыбысы мен қосымшаның басқы дыбысының «ұласуы» деп қарауға басқа дәлел жоқ. Өйткені қазақ тілінде бұдан басқа ыңғайында осындай позицияға қатар келген екі (н) дыбысының ұласуы байқалмайды.

Есімдіктердің септелуінде де тек (н) дыбысына аяқталатын сөздерде ғана кездеседі, (ал, н дауыссызға аяқталатын есімдер тек осы екі сөз).

Сол сияқты, кейбір көне түркі ескерткіштерінде («Құтадғу білікте») қазіргі кейбір тілдерде (*мен, сен*) есімдіктердің *меніндін (менінден), сеніндін (сенінден)* түрінде тұлғалануын (шығыс жалғауының ілікпен қосарлануы) еске алып, сондай тұлғаланудың редукцияға ұшырауы деп қарауға да негіз жоқ. Өйткені редукцияға бір буынның құрамындағы бір дыбыс немесе түгелдей буын ұшырауы мүмкін. Ал, бүтін буын мен оған іргелес буынның басқа дыбыстың түгелдей «түсіп» қалуы мүмкін емес.

⁴ Құрышжанов Ә. Көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштердің тілі. 1971.

⁵ Исхаков Ф.Г. Местоимение. ИСГТЯ. II, 1956.

Екінші жағынан, мен-ден, сен-ден тұлғалауында (д) дыбысының түсіп қалуы деп қарайтындай да басқа дәлел жоқ. (Д) дыбысы жалпы түркі тілінде болсын, қазіргі тілімізде болсын «тұрақсыз» дыбыстар қатарына жатпайды. Қазіргі қазақ тілі түбірмен мен қосымша шегіндегі (д) дыбысының редукциялану фактісін білмейді. Оның үстіне, бір-бірінен алшақ территорияға орныққан, басқа экстралингвистикалық жалғаудағы шор, алтай тілдерінде де ұшырасуы бұл ерекшеліктердің кейінгі құбылыс екендігін дәлелдемесе керек. Сонымен, *мен-ен, сен-ен* тұлғалануындағы шығыс септіктің ерекше қосарланған түркі тілдері тарауындағы есімдіктер септеуінің рудименттік көрінісі деп есептеуге толық негіз бар.

Шығыс септік жалғауының негізгі мағыналары: істің, әрекеттердің таралған, ажыраған объектісін білдіру. Шығыс жалғауының осы екі басты мағыналық ерекшелігі сонау ескі дәуірден қалыптасқан қолдану мәнері екені жоғарыда келтірілген мысалдардан да көрінеді. Сонымен бірге, шығыс септіктердің жалғануы әрекеттердің себебін білдіреді: *Ер ышдың қорқуды (Ер істен қорықты).*

Кейде шығыс жалғаулы сөздер іс-әрекеттің пассив субъектісін де білдіреді, бурун айтыллы пайғамбардан (КК). Заттың, әрекеттің сараланған, салыстырмалы сынын да, білдіреді: барчадан күчлу барчадан татлы. (КК). (баршадан күшті, баршадан даңқты).

Қазіргі қазақ тілінде шығыс септік заттың тегін, негізін білдіру үшін де қолданылады. *(Тастан сарай салғызды, талдан таяқ сүйретті).* Бұл із әсіресе фольклорлық шығармаларда жиі кездеседі. Көне түркілік материалдар шығыс септіктің қазақ тіліндегі осы қолданыстары кейін қалыптасқан мән, қызмет екенін дәлелдейді. Қазіргі қазақ тілінде шығыс септік жалғауы табыс орында қолданылады. Көне түркілік ескерткіштер тілінде нақ осындай фактілер бар: *Сувдан кечүрді. (МК) (суды кешкізді).* Сондай-ақ шығыс септік жалғауының жатыс септікпен мәндес жұмсалуды да әрдайым ұшырасып отырады. Бұл мәндестік, сірә, осы екі жалғаудың

генезис бірлесігіне байланысты болса керек. Қазіргі тілімізде де кейде жатыс пен шығыс жалғауының арасында айқын семантикалық жік байқала бермейтіні бар.

Қарақалпақ тіліндегі зат есімдер төмендегі мағыналарда қолданылады:

1. Іс-әрекеттің басталған, шыққан орнын көреді. Мысалы:

Мен келемен Жийделі Байсын елинен («Алпамыс»)

2. Предметтің істелген мат/н, шығысын аңдатады:

Мысалы: Жай гербиштен салынған

Нәзер салып, келбетине қарасаң,

Турқы оның сом алтыннан соққандай

(«Қырық қыз»).

3. Уақыт мағынадағы зат есімдер, «сағат» сөзімен қолданылатын есептік сан есімдер шығыс септігінде әрекеттің басталу уақытын білдіреді: Оқу азаннан басталады, сағат бестен ашық.

4. Предмет басқа предметтермен салыстырылғанда салыстырылатын предмет шығыс септігінде тұрады. Мысалы: Бизге ағайын болмаса да, палдан татлы қоңсымыз еді. (К.Султанов).

Мыңнан емес, жүзден оздым,

Айтарым көп, тыңла менің.

(Бердақ).

5. Ақшалай бағаны білдірген шығыс септігі зат есім есептік сан есімдермен қолданылады: Алманы үш сомнан алды.

6. Себепті білдіреді: Жеккеликтен бұлген бабам. (Ж.Аймурзаев).

7. Предметтің бөлегін, үлесін білдіреді. Мысалы: Бұл да сол хан нөкерлерінен бири еді. (Т.Қайыпбергенов).

Бөлшек санның бөлімі шығыс септігінде қолданылады: үштен екі, бестен бір.

8. Шығыс септігі зат есімдер кейде еркелету, сүйсіну мағынасын аңдатады. Мысалы:

*Пахта терген ул-қызларым бауырман,
Айналайын жаудыраған көзиңнен.* (Ж.Аймурзаев).

Шығыс септігіндегі зат есімдер (*кейін, соң, бері, бұрын, басқа, бөтен*) септеуліктермен қолданылады.

3. Жатыс септігі

Қазіргі түркі тіліндегі жатыс жалғауының варианттарын салыстыра қарағанда, дауысты дыбыстар ыңғайынан болсын (кейбірінде бұлардың еріндік варианттары бар), дауыссыз дыбыстар жағынан болсын, негізінен (**–да**) тұлғасының айналасына топтасады. Әрине, басқы дауыссыз кейбір тілдерде тек (**д**) (азербайжан, түркмен) болып келетіні де бар. Ал, чуваш тілінде (**–ра, –ре, –че**) тәрізді басқа түркі тілдерінің еш қайсысына ұқсамайтын варианттар қолданылады. Қалай болғанда да жатыс жалғауы сыртқы тұлғалық жағынан бізге белгілі ежелгі дәуірден біздің тілімізге дейін көп өзгеріссіз жеткенін айту керек. Тіл дамуының барысында бұл септік жалғауына қатысты өзгерістер қолдану мағыналары мен етістіктерді меңгеру жүйелерінен ғана байқалады.

Іс-әрекеттің, заттың орнын-мекенін білдіреді: Түрк сір будда йерінте бод қалмады. (Түрк –сір халқының жерінде тірі жан қалмады).

Іс-қимылдың, әрекеттің уақыт, мезгілін білдіреді: Күл тегін ол сүкүшде отуз йашайур ерті (Ол соғыста Күл тегін отыз жасар еді).

Орхон-Енисей жазбаларында жатыс септік тұлғасы шығыс мәнінде де қолданылған. Шығыс септік қызметіндегі жатыс септік тұлғасы іс-қимылдың шығар көзін, мекенін білдіреді: *Қырқызда йатамыз (Қырқыздан қайттық).*

Жатыс септіктің шығыс мәнінде қолданылу фактісі кейінгі Алтын Орда ескерткіштерінде да байқалады.¹ Қазіргі қазақ тілінде жатыс септік тұлғаларының мекендік мағынада шығыс қызметінде қолданылуы жиі емес. Дегенмен кейде жатыс пен шығыстың осындай мәнде семантикалық жіксіз қолданылуы сирек болса да ұшырасатын тәрізді: *жолда тауып алды, жолдан тауып алды*.

Б.А.Серебренников (–*да*) тұлғасының басында болған локатив мәннің морфологиялық тәсіл тұрғысынан жіктелуін (–*да*) негізінде жаңа жалғаулардың қалыптасуымен түсіндіреді.¹ (–*дан*) жалғауының қалыптасуымен бірге аблатив мәні соған ауысты да, локатив мәні (–*да*) тұлғасында орнығып қалды.

Заттың процестің пайда болған, бөлініп шыққан объектісін білдіруде қолданылады: *Табғачда адырылты, қанлатты (Табғачтан айырылып, ханды болды)*. Алайда, көне түркі тіліндегі «бір нәрседен пайда болу, бір нәрседен айрылу» мәнінде жатыс тұлғасының қолданылуы қазіргі қазақ тіліне норма емес.

Жатыс жалғауы, сонымен бірге барыс септік қызметінде қалыптасуы да ұшырасады: *йарыс йазыда он түмен сү терісті (Т) (Жарыс жазығына он мың әскер жиналды)*. Жатыс жалғауының барыс септік орнына қолданылуы кейінгі қыпшақ ескерткіштерінде де ұшырасады. Э.Наджип бұған мынадай мысалдар келтіреді: *оғрының йолында бырақты. (Урының жолына тастады)*. Қазіргі қазақ тілінде барыс және жатыс жалғауының ауысып қолданылуы кейбір жеке етістіктердің лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне бағынышты. (*Жаз, жинал, қой*) тәрізді етістіктер бірде барыс, бірде жатыс септігі сөздерді меңгереді. Бұл ыңғайда жатыс я барыс септігінің қолданылуы контекстік мағынаға және сөйлеушінің мақсатына байланысты. Ескі жазбалар тілінде жатыс жалғауының кейде табыс орнына

¹ Наджип Э. Кыпчакско-огузский литературный язык.. 45-бет

¹ Серебренников Б.А. О некоторых проблемах исторической морфологии тюркских языков. Сб «структура и история тюркских языков» М. 1970.

айтылуы да ұшырасады: *Ол ат тегірінде буқтурды.* (МК) (*Ол аттың пәсін төмендетті*). Осындай қолданыс Алтын Орда ескерткіштерінде де бар.

Сонымен, көне түркі тіліндегі жатыс септік қазіргі қазақ тіліндегі осындай септік жалғануымен салыстырғанда, көп мағыналы. Оның кейбір іздері де сақталған. Алайда, қазақ тілінде жатыс септік жалғауының басқа септікпен (шығыс, барыс) синонимдігі стильдік өң алғандығын айту керек.³

Қарақалпақ тіліндегі жатыс септігі зат есімдер предметтің немесе әрекеттің болып жатқан орнын білдіріп, *кімде? неде? қайда? қаяқта? қай жерде?* деген сұрақтарға жауап береді және сөйлемде пысықтауыш, толықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: *Бирақ қызда әллеқандай бир уғайым бар еди* (К.Султанов). Жатыс септігі зат есімдер төмендегі мағыналарды білдіреді:

1. Предметтің негізгі орын:

Булт та жоқ, ай да жоқ, жулдызлар тек те

Алмас қыйқымындай шағыраяр көкте

(И.Юсупов).

2. Уақыттық мағынадағы зат есімдер, кейде есептік сан есімдер жатыс септігінде белгілі бір уақытты білдіреді. Мысалы:

Сәхәрде ҳаўаның айнығаны нес?

(Ш.Аяпов)

Есиңде болсын, ноль-ноль, он екиде кел.

(Т.Қайыпбергенов).

3. Предметтің айырмашылығын, оның характерлі қасиетін көрсетеді. Мысалы: Шешен дауда, батыр жауда білінер.

(нақыл).

³ –да тұлғасының арғы негізі жайлы пікірлер: Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого 96-бет. «Современная тюркская» 1972, №4.

4.Предметтің іске асуындағы құралды білдіреді: Биз Москваға поездта бардық, қайтарсын самолетте келдик.

4. Көмектес септігі

Қазіргі түркі тілдерінің барлығында бірдей кездеспейтін септік жалғауы-осы көмектес септік. Зерттеушілер көмектес септіктің мәніне жақын септік жалғауының якут, чуваш тілінде барлығын айтады.¹ Дегенмен, арнаулы грамматикалық тұлғасы бар көмектес септік қазақ тілінің ғана ерекшелігі. Басқа түркі тілдерінде бұл септік жалғауының қызметін *(біле (білен))* шылауы атқарады. Көне түркі тілдерінде қазақ тіліндегі *(-мен)* септік жалғауы мен басқа тілдердегі *(біле)* шылауының мәнін беретін арнайы жалғау *(ын, -ін, н)* тұлғасы қолданылған. Алайда бұл тұлға ескерткіштер тілінде *(бірле)* шылау сөзімен жарыса қолданылған.

ын, (ін, -н) тұлғасы мынадай негізгі мағыналар тұғызған: *іс-әрекеттің болып өткен жолын, орнын білдіреді. Ол йолын йо рысар, унч-тідім (Т) (Ол жолмен жүрсе, мүмкін дедім). Іс-қимылдың болған, болатын мекенін білдіреді: Алтун йысығ йолсузын астым, Ертіс үгүзүг кечігсізін кечдіміз. (Алтын жерін жолсызбен астым, Ертіс өзенін кешпес ізбен кештім). Іс-әрекеттің болу құрамын объектісін білдіреді: інген көлүнін Тоглада оғуз келті (Т) (Жүн тиелген көлікпен оғыздар Тоглада келді). Біргелік, ортақтастықты білдіреді: (Күл тегінді аз кісімен ілгері жібердік). Істің істелу тәсілін білдіреді: Калтачы біз өз ічі тасын тутмыс тег біз. (Біз өз ісімізді сыртымызбен ғана ұстап қаламыз).* Көмектес септіктің бұл тұлғасы сөз өзгертуші, сөз байланыстырушы қосымша есебінде XI ғасырдан кейін-ақ өз мәнін жоғалта бастаса керек. XI-XII ғасырда Шығыс Түркістанда жазылған ескерткіштер тілін зерттеген *А.М. Щербак* бұл тұлғалардың сөз өзгертуші функциясын жоғалта бастағанын, бірен-саран үстеулер құрамында ғана кездесетінін айтады.² Ал, кейінгі дәуірге

¹ Э.В.Севортян. ИСТТИЯ II. 61-63 бетлер.

² А.М.Щербак. Грамматический очерк языка тюрских текстов 88-89-бетлер.

жататын (КК) –де, Алтын Орда ескерткіштерінде бұл тұлға жеке сөздер құрамында сақталған «өлі» қосымта есебінде ғана ұшырасады.³

Бұған қарағанда (-ын) тұлғаларының өз мәнін жоғалтуы қазақ халық тілі қалыптаспаған кезеңде болған құбылыс. Алайда, қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамында осы жалғаудың кейбір іздерін аңғаруға болады. Осы жалғаудың кейбір іздерін аңғаруға болады. Мезгіл үстеулері деп қаралатын *қысында, жазында, күзінде (қыс-ын-да), барыс (күн-ін-е)* жалғаулары кейін қосылған жаңа элементтер көмектес септіктің осы тұлғасымен бірге, көне түркі жазбаларының тілінде бірлестік, құралдық мәнде (бірле) сөзі де қолданыс тапқан. *Бу йірде (бірле) сөзі де қолданыс тапқан. Бу йірде олурьп, табгач будун бірле түзелтім. (КТ) (Бул жерде отырьп, табгач халқымен жақындастым).* (МК) –да мезгіл мәнінде де бірле шылауы (-ын) тұлғасымен жарыса қолданылуы кездеседі: Түн-күн біле севнелім (мқ) (күнімен, түнімен шаттанайық). Алайда, V-VIII ғасыр жазбаларында (бірле) шылауы мекен-орын, іс-әрекеттің жүріп өткен жолын, пунктін білдіру мәнінде қолдануы байқалмайды. Соған қарағанда, (-ын) тұлғасы мен (бірле) шылауының синонимдігі тек қана құралдық, бірлестік мәнін білдіруде ғана болған. (Бірле) шылауының (сонымен қатар, -мен жалғауының) ондай мәндерге ие болуы (-ын) тұлғасы қолданудан шыққан кезде ғана пайда болған құбылыс деп қарау қажет. Сөйтіп, (бірле) шылауының (-мен жалғауының да) мағынасының кеңеюі (-ын) тұлғаларының жоғалуымен байланысты болады.

Бірле шылауы осы тұлғада (яғни–р-мен келген) V-VIII ғасыр жазбаларында кездеседі. Ол жазбаларда бұл шылаудың басқа варианты жоқ. Ал Қашқари сөздіктерінде екі вариант та, *(бірле, біле)* түрінде жазылған. Алтын Орда дәуіріне жататын «Гүлстан», «Мухаббатнама» тілінде бұл шылау *(бірле, біле, білен)* («Гүлстан», *бірле, біле*)

³ Наджип Э Кыпчакско-огузский литературный язык 46-бет.

(«Мухаббатнама») түрінде кездессе, «Кодекс Куманикус»те хандар жарлықтарында (біле) түрінде ғана қолданылған. Бұған қарағанда, (бірле) шылауының құрамындағы (-p) түсіп қалу сол XI ғасырларға дейін-ақ болса керек. XI ғасырдың өзінде-ақ бұл шылаудың екі түрлі айтылғанын М.Қашқаридың мына ескертпесінен байқауға болады: «бірле-біле». *Ол менің бірле ерді. –Ол менімен бірге еді. Жеңілдік үшін (p-ді) түсіріп (біле) деу де бар. (1, 405).* Кейінгі дәуірлерде (бірле) түрінде айтылу оңтүстік шығыс түркі тілдерінің үлесіне тиеді де², батыс түркі тілдері (-p) –сіз айта бастаған болуы мүмкін. «Гүлстан», «Мухаббатнама» тілінде (бірле, біле) болып жарыспалы варианттарының кездесуі ол шығармалар жазылған әдеби тілдің ерекше байланысты деп есептеуге әбден болады.³ Біле шылауы (кейде бірле түрінде де) қазақ арасында XIX ғасырдың аяғына дейін қолданылған кітаби жазба тіл құрамында да бар. Бірақ оған қарап, қазақ халық тілінде де солай болған деп тұжырамдауға болмайды. (Біле) шылауының (-мен) көмектес жалғауына және мен (менен, пенен) шылау сөзіне ажырауы халық ауызекі сөйлеу тілінің құрамында өткен процесс. Көмектес жалғауының да, (мен) шылауының да ауызекі сөйлеу жергілікті диалектілер құрамында әр түрлі фонетикалық варианттарда кездесуі соны дәлелдейді. Халықтық тіл құрамында бұл жалғау әдеби тіліміздегі варианттарымен қатар-мынан,(-пынан, -бынан) түрінде де айтылады. Әдеби тілде, жазба тіліміздің нормасы есебінде, жіңішке және қысқа варианттар (-мен, -пен) ғана қалыптасқан. (Біле) шылауының көмектес септік жалғауына айлануындағы бірінші фактор, әрине, дыбыстың үндестік заңдылығы (басқы б-ның м, ал соңғысының п-ға айналу фактісі), одан соң редукция құбылысы әсер еткеніне сөз жоқ. Қазіргі кейбір оқулықтарда көмектес септігі о баста ілік септіктің үстеуіне жалғанып қолданылған дейтін жалпылама тұжырымды кездестіруге болады.

² Щербак А.М. Грамматический очерк языка тюркских текстов.64-185 бетлер.

³ Э.Наджи. Кыпчакско-огузский литературный язык. 77-78 бетлер.

Дұрысында көмектес жалғауы барлық сөздерге де ілік септіктің үстеуге жалғанған деп қарау тілдік фактілерге сай емес. Ілік септік үстеуге жіктеу есіміне ғана жалғанған. Осы есімдіктердің көпше түрлеріне (біз, сіз) –де ілік септік кейін жалғанады деп айтудың өзі күмәнді.

Жіктеу есімдіктердің жеке үш жағында да болған ілік, шығыс жалғауының қабаттасуының ізі қазіргі қазақ тілімізде де қалған: *мен-і-мен, сен-і-мен, о-ны-мен*. Бұлайша тұлғалануындағы (*-і, -ны*) бір кезгі ілік септік жалғауының ізі екені айқын.

Р.Рамстедт көне түркі тілдерінде де қос сөздер құрамында кездесетін (*-лы-лі*) аффиксін де септік жалғау деп қарайды. С.Е. Малов «парность» деп түсіндіреді де, бірақ нақ осы қосымша жайлы айқын пікір байқатпайды. С.Е. Малов (*Бу сабығ, ілік беглі-қатунлы есімін.*¹) дейтін сөйлемді «*эти слова правитель и жена его слышали*» деп аударады. А.М.Щербак Х-ХІІІ ғасыр жазбаларында (*-ын*) тұлғасымен қатар сол мәнде (*-да,-де*) қосымшаларының да қатар қолданғандығын айтады.² Дегенмен осы екі қосымшалардың арасында пәлендей үлкен айырмашылық жоқ. Щербак келтірген (*бізүейле, іліле*) сөздері контекстік мағынасы жағынан Малов транскрипциясындағы (*беглі-қатунлы*) сөзінен алшақ емес. Қазіргі қазақ тілінің нормасы бойынша бұларды (*бізбен, қолмен, бек қатынмен (екеуі)*) деп айту керек болады.

Сөйтіп, бұл екі топ (*-лы, мен-ле*) бір ғана мағынаны бірлестік, біргелік мағынасын ғана береді. Мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да бұл тұлғалар (*бірле*) шылауының құрамындағы (*-ле*) морфемасымен үйлес, үндес келіп жатады. Қазіргі якут тілінде бірлестік септік (совместный падеж) қосымтасы: *-лыын, (-тыын, дыын)* ныын тұлғаларыда айтылады.³

Мұның құрамынан (*-лы,*) немесе (*-ла*) қосымталарының ізін қиын емес. Чуваш тіліндегі көмектес септік (творительный) тұлғасы (*-на, -не*) де

¹ Малов С.Е. Памятники древнетюрской письменности. М.1951.

³ Севортян Э.В. Категория падежа. ИСГТЯ. II, 44-64 бетлер.

осыған ұқсас мәнде болуымен бірге, тұлға жағынан да алшақ емес. Чуваш тіліндегі бұл тұлға (палан) көмекші сөздерден қысқару арқылы (план) қалыптасса керек.² Сөйтіп, аталған тұлғалардың бәрі де бір ғана генезиспен тарауы, соның салдарынан мәндес-мағыналас қолданылуы ықтимал. Қазіргі қазақ тіліндегі фразеологиялық тіркестер құрамында да осы жалғаулардың ізі кездеседі. *Ертелі-кеш, тайлы-таяғы, аттылы-жасаялы* тәрізді фразеологиялық тіркестер құрамындағы (-лы) қазіргі тіліміздегі сын есім жасайтын қосымшасы емес, бұл Рамстедт көне түркі тілдерінде қолданған деп көрсететін қосымша болуы керек. Қашқари сөздіктерінде де осы тұлғалас қос сөздер кездеседі. Алайда, осы ізбен жалғаулық деп қарауға келмейтін жері (-лы) екі сөзді байланыстырушы қызметінде емес, сөзге грамматикалық мән үстеуші қызметінде келген. Қашқари сөздіктерінде мынадай да сөйлем кездеседі: *Түкле келдім (1, 325) Муталлибов бұл сөйлемді өзбекшеге (кеш Билан келдим, кечаси келдим)* деп аударды. Қазақ тілінде бұл сөйлем құрамындағы (түнле) сөзі кеш қараңғысымен үстеулік тіркесі арқылы берілер еді.

Сондай-ақ *ерсілі-қарсылы, ертелі-кеш, атты-жасаялы* фразалардың құрамындағы да осы қосымша қазіргі тілде (-лы) тұлғалы қос сөздер мен шылауына (кейде жалғауына) синоним есебінде қолданылады: *әкелі-балалы*.

Қазақ жеке сөздер құрамында сақталған (-лы) дыбыс үндестігі заңдылығының әсерімен (-ды, -ты) варианты да болған (*азды-көпті*). Қазақ тілінде, сонымен қатар, кейбір сөздер құрамында (-ы, -і) аффиксі де кездеседі: *күні-түні, тайлы-таяғы, қысы-жазы, күні ертең, күні бүгін* тәрізді тұрақты тіркесінің екі сыңары да, кейде бір сыңары жалаң (-ы, і) аффиксімен келген. Бұл өз алдына дербес аффикс пе, әлде алдыңғы аффикстің қысқарған түрі ме дейтін сұрақ туады деп қарауға болмайтыны ең алдымен мынада: алдыңғы (л) дыбысының түсіп қалуын түсіндіру

мүмкін емес. Жалғанатын сөзінің соңғы дыбысына байланыстыруға да мүмкіндік жоқ: *азды-көпті, бірақ қысы-жазы*. Оның үстіне, мұны тіркес құрамында сөз байланыстыру қызметіндегі тәуелдік жалғауының орнығып қалуы деуге дәлел жоқ.

Сонымен айналып келгенде, бұл ерсілі-қарсылы дегендегі (-лы/ның варианты емес). Бірақ бұл да алдыңғы аффикс мәнінде қызметінде қолданылады. Осы орайда Б.А.Серебренниковтың Котвич материалына сүйене отырып, алдыңғы аффиксті (лы) яки дербес элементке, (-л) және (-ы) бөлуін еске алу орынды.¹

Оның айтуынша, (-лы) о баста дербес қолданған екі түрлі аффикстің құрамасы болса керек. Қазақ тілі материалдарына қарағанда да (-л) мен (-ы) екі түрлі, бірақ мәндес аффикстер.

Сөйтіп, (*күні-түні, күні ертең*) тәрізді тұрақты тіркестер құрамындағы (-ы, -і) дербес аффикс, бірақ ол тәуелдік жалғауы де емес, (-лы) аффиксінің варианты да емес.

Сонымен қазіргі тіліміздегі (-мен) тұлғалы көмектес септік о баста дербес, шылау, сөз болған, сол сөздердің энклитикалық қолданылуының салалары есебінде фонетикалық өзгеру жолымен қазіргі бізге белгілі көмектес септік қалыптасқан деуге толық дәлел бар. Дегенмен жоғарыда айтылғандай, ол жалғауының арғы негізі болған (бірле) шылауының қолданысынан осы күнгі көмектес септік беретін мән-мағыналарының бәрін бірдей табу қиын. Көне түркі тілдерінде қазіргі көмектес септік мағыналары үш түрлі тұлға арқылы: (-ын) және (бірле) шылауы, (-лы) тұлғасы арқылы берілгенін байқауға болады. Тілдің даму процессінде (ын) қолданылудан шығып қалған, (-лы) азын-аулақ фразеологиялық тіркестер құрамында ғана айтылатын өнімсіз қосымша есебінде сақталғанмен, өзінің бұрынғы грамматикалық мәнінен айрылып, лексикализацияланған.

¹ Серебренников Б.А. О некоторых проблемах исторической морфологии тюркских языков. Сб. «Структура и история тюркских языков» М.1970.

Мұның барлығы этниклитикалық қолданыс нәтижесінде пайда болған (-мен) жалғауының грамматикалық мәнінің, қолдану сферасының кеңеюіне алып келген. Бір-біріне мағыналық жағынан орайлас формалар мәнінің бір ғана формаға жиылуы, сөйтіп мағыналық шоғырланыс тіл пайдалануда аналогия тәсілдің бір қыры болып көрінеді. Қалайда бүгінгі көмектес септік бір кезде үш түрлі тұлға арқылы берілген мән-мағыналарының бәрін де бойына жиып, өзінің қолдану өрісін кеңіткен.

Сонымен, септік жалғауларына жасалған шолу мынаны аңғартады:

а) Қазіргі қазақ тіліндегі септік жалғаулары тұлғалық тұрғыдан аса көп өзгеріске түспей, көне түркі дәуірлерден сақталған. Олардың ішінде қолданудан жалғау есебінде шығып қалған тұлғалар: -ру (-ру, -ғару, -геру, -ын (ін, -н, -лы) –лы. Бірақ бұлар тілден ізсіз жоғалмай, кейбір сөздер құрамында «өлі» қосымша есебінде сақталып, сөздердің бастапқы түбірімен бірігіп, тұтасып кетіп жаңа «түбір» сөз құрған. Мысалы: (кері, бері, ішкері, сыртқары) сөздер мен тіркестер сондай түбірмен қосымшалардың бірігуінен барып пайда болған екінші дәрежелі (вторичная) түбірлер:

ә) септік жалғауының дамуында айқын байқалатын процесс қолданылу сферасының кеңеюі, немесе тарылуы.

Көне түркі тіліндегі атау тұлғаларының (түбір тұлғаларының) қолданылу аясы қазіргі тіліміздегі сондай тұлғаларының қолданылуымен салыстырғанда, әлдеқайда кең болған. Бұған қарап, атау тұлғаларының даму барысында қолданылу аясының бірте-бірте тарыла бастағанын көруге болар еді. Ал (біле) шылауы бір кезде қазіргі көмектес септіктің бір ғана мәнін берген болса, сол шылаудан қалыптасқан (-мен) жалғауы бір кезде үш түрлі тұлға арқылы ғана беріле алатын мағыналық мәнерлерді бойына жиған;

б) бір кезде жеке септік жалғаулары мағынасы мен қолданылу тұрғысынан өзара толық жіктеле қоймаған. Көне түркі тілдерінде бір

септік жалғауының бірнеше септік жалғауға тән мағыналарда жұмсалуды соның нәтижесі болса керек. Септік жалғауының сол кезгі өзара айқын жіктелмеуінің кейбір іздері қазіргі тілде де байқалады. Әсіресе қазіргі ауызекі сөйлеу тілімізде кездесетін септік жалғауының ауысып қолданылуы сол кезгі олардың өзара айқын жіктелмеуі. Тілдің кейінгі даму барысында ондай ауысулар белгілі бір стильдік өң алды.

в) *Түркі тілдері тарихының өте ежелгі кезеңінде есімдіктің септелуі мен есімдердің (зат есімнің) септелуінің, сондай-ақ тәуелді септеуінің арасында болған айқын жіктеліс қазіргі тілдерде де сол сипатында сақталмаған.* Мысалы: Қазіргі тілімізде тәуелді септелудегі айырмашылық барыс, жатыс, шығыс септіктерінде ғана (-а, -нда, -нан) көрінсе, ілік септік зат есімнің ізімен келеді (-ның), ал табыс септік тәуелдіктің III-жағында ғана өз ерекшелігін сақтаған (*баласы-н*).

Есімдердің септелуінің айырмашылығы жекеше I-II жақтарында ілік пен табыс септікте жіктеу есімдіктерде ғана көрінеді (*мен-ің*) *мен-і*. Олардың көпше тұлғалары екі варианта: әрі есімдіктерде тән қосымшалар менен (*біз-ің, сіз-ің, біз-дің, сіз-дің*) қатар қолданылады. Соңғы тұлғалар есімдерге аналогия жасаудан кейін қалыптасқан. Сөйтіп бұл жерде есімдіктердің септелуі есімдердің септелуіне қарай ыңғайласуын көреміз. Барыс септікте есімдіктердің септеу үлгісін көру қиын. Түбірдің фонетикалық сипаты қандай болса да (ма, әлде мен) қосымша (-ға) түрінде ғана жалғанады да, содан кейін ғана «белгісіз» (**н**) элементі пайда болады. Соңғысы (**-н**) есімдер септелуінің ерекшелігі деп қараған уақытта да бұл жерде «аралас» түрді ғана көруге болар еді (*-ға-н*).

I.Атау септіктің арнаулы жалғауы жоқ, зат есімнің негізгі және туынды түбір тұлғасымен сәйкес келеді. Кейде көптік және тәуелдік жалғау тұлғаларында да тұрады. Атау тұлғадағы зат есім сөйлемде бастауыш қызметін атқарады. Егер басқа сөз таптары (сын есім, сан есім, есімше, тұйық етістік т.б.) атау тұлғаларда тұрса, олар заттанып, сөйлемде

бастауыш болады. Мысалы: *Толқыннан толқын туады.* (М.Жұмабаев).
Ащы мен тұщыны татқан білер. (мақал).

2. *Ілік септік* меншікті, затқа тән екендігін көрсетеді. Әдетте ілік септікті сөз тәуелдік жалғаулы сөзбен тіркесіп қолданылады да, ілік септікті сөз иеленуші зат (не адам) болады да, тәуелдік жалғаулы сөз соның меншігі, соған тиісті я қатысты зат болады. Мысалы: *Жомарттың сөзі есіне түсті.* (Ғ. Мүсірепов). *Хамиттың екі құлағы шың ете түсті.* (С.Сейфуллин). Бұл сөйлемдегі Хамиттың, Жомарттың деген ілік септіктегі сөздер (құлағы, сөзі) деген заттың иесі, меншігі мәнін білдіреді.

Сондай-ақ ілік септік бүтіннің бөлшегі (үйдің терезесі), әр түрлі табиғи байланыстарды (судың сылдыры, сияқты) мәндерді білдіреді. Кейде ілік септік түсіп қалып та қолданылады: *ақынның өлеңдері-ақын өлеңдері, қаланың жастары-қала жастары т.б.*

Сөйлемде *ілік септікті сөз анықтауыш* қызметін атқарады.

3. *Барыс септік* жанама объектіні және қимылдың, іс-әрекеттің кімге, неге бағытталғанын, кейде мақсатын білдіреді. Мысалы:

Толқынға толқын еркелеп, Меруерт көбікке оранып,..

Жарға жетер ентелеп (М.Жұмабаев).

Бұл сөйлемде толқынға (неге еркелеп?), көбікке (неге оранып?) деген сөздер қимылдың (*еркелеп, оранып*) жанама объектісін білдіріп, *толықтауыш* болып тұр, жарға (қайда жетер?) қимылдың (*жетер*) бағытын білдіріп, *мекен пысықтауыш* болып тұр. Барыс септіктегі сөз (кімге? неге?) деген сұраққа жауап берсе, толықтауыш болады да, қайда? неге? не үшін? (көбіне тұйық етістікке жалғанғанда: оқуға келді-неге, не үшін келді?) деген сұраққа жауап берсе, пысықтауыш болады. *Барс септікті сөз* (*дейін, шейін, қарай*) деген шылаулармен тіркесіп те жұмсалады.

4. *Табыс септік* тура объектіні білдіреді де, сабақты етістіктермен тіркесіп, (сөйлемде *тура толықтауыш*) қызметін атқарады. Сөйлемде

кейде табыс табыс септік жалғауы түсіп (жасырын) те қолданылады. Мысалы: *Раушанның отты көздері ішке шоқ түсіріп жандырған соң, Бәкен кейістікті ұмытты.* (Б.Майлин). Бұл сөйлемде кейістікті (нені ұмытты?) табыс септікте тұрып, тура толықтауыш болып тұр, шоқ (нені түсіріп) табыс септіктің жасырын түрінде тұр. Табыс септіктегі сөз жалқы есім немесе тәуелдеуші сөз алдында анықтауышы болса, болмаса табыс септікті сөз бен оны меңгеріп тұрған сабақты етістіктің арасында сөз тұрса, табыс септік жалғауы түспей қолданылады. Мысалы: *Кірпігін де сирек қағады.* (М.Әуезов). *Ол танк қалқасымен жетіп үлгерген Әлияны байқамай да қалды.* (Ж.Жұмақанов).

5. *Жатыс септік* қимылдың, іс-әрекеттің болу орнын, мекенін кейде мезгілін, көлемін білдіреді де, сөйлемде *кімде? неде?* деген сұрақтарға жауап берсе, *мекен, мезгіл нысықтауыш* қызметін атқарады. Мысалы: *Көшеде сырғанақта біреу зулатып шана теуіп барады екен.* (С.Мұратбеков). *Қызым үйде, қылығы түзде.* (мақал).

6. *Шығыс септік* қимылдың, іс-әрекеттің неден, қайдан, шыққанын, басталғанын білдіріп сөйлемде *толықтауыш және мекен, мезгіл нысықтауыш* қызметін атқарады. Мысалы: *Бұл Сапарға біз Москвадан келе жатырмыз.* (С.Мұқанов). Шығыс септікті сөз кейде баяндауыш та болады. *Біз Жетісуданбыз.* Шығыс септікті сөз (*кейін, соң, бері*) сияқты шылаулармен де тіркесіп жұмсалады: *Өзге ұлттардың мәдениеті де кең өріске Кеңес дәуірінен кейін шықты.* (С.Мұқанов).

7. *Көмектес септік* іс-әрекеттің, қимылдың немен, қандай құралмен, қалай істелгенін, амалын және қимылға ортақтықты білдіріп, сөйлемде *нысықтауыш және толықтауыш* қызметін атқарады. Мысалы: *Көшіп келе жатқан Абай ауылы мен көрші ауылдар.* (М.Әуезов). *Хатшы жігіт сағатқа қарап, кезекпен жіберіп тұр.* (Ғ.Мұстафин). Көмектес септік жалғауының ерекшеліктері бар. Олар буын үндестігі заңына бағынбайды, жуан сыңарлары жоқ. Сөздің соңғы буыны жуан болса да, жіңішке болса

да жіңішке жалғау (-мен, -бен, -пен) жалғанады. Сондай-ақ, (мен, бен, пен) деген жалғаулық шылаумен ұқсас келеді. Егер бұлар қатысты сөз (-мен, -бен, -пен) тұлғасынсыз айтылмаса, ол көмектес септік жалғауы болғаны, сөзбен бірге жазылады, онсыз айтуға болса немесе (және) деген сөзбен алмастыруға болса, жалғаулық болғаны, бөлек жазылады. Мысалы: *Мағаш Кәкітай мен (және) Абайға қарады. Мағаш Кәкітаймен сөйлесіп тұр.*

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе айтқанда, қазақ және қарақалпақ тіліндегі септіктердің арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды төмендегідей көрсетуге болады:

1. *Қазақ тілінде жеті септік болса, қарақалпақ тілінде алты септік бар*, яғни қарақалпақ тілінде көмектес септік жоқ.

2. *Атау септіктің екі тілде де арнайы жалғауы жоқ*. Зат есімнің негізгі және туынды түбір тұлғасымен сәйкес келіп, көптік және тәуелдік жалғау тұлғаларында атқарады. Дегенмен, қарақалпақ тілінде және сонымен қатар анықтауыш, атаулы сөйлем және қаратпа сөз қызметін атқарады.

3. *Ілік септік екі тілде де* меншікті, бір затқа тән екенін, бүтіннің бөлшегін білдіріп, екі тілде де екі түрлі формада: аффиксті және аффикссіз қолданылады. Дегенмен, қарақалпақ тілінде бес түрлі мағынада қолданылуы көрсетілген.

4. *Барыс септік екі тілде де* іс-әрекеттің бағытын, мақсатын білдіреді. Қазақ тілінде жанама толықтауыш, мекен пысықтауыш қызметін атқарса, қарақалпақ тілінде сегіз түрлі мағынада қолданылатыны жеке-жеке атап көрсетілген.

5. *Табыс септік екі тілде де* тура толықтауыш қызметін атқарады, аффиксті және аффикссіз қолданылу жағдайлары қарақалпақ тілінде сегіз түрлі жолмен көрсетілген.

6. *Жатыс септік екі тілде де* іс-әрекеттің болу орнын, мекенін, мезгілін, көлемін білдіріп *қазақ тілінде пысықтауыш, баяндауыш* қызметін атқарады, *қарақалпақ тілінде пысықтауыш, толықтауыш* қызметін атқарады.

7. *Шығыс септік екі тілде де* іс-әрекеттің неден, қайдан шыққанын, білдіріп, сөйлемде толықтауыш және пысықтауыш, қазақ тілінде кейде баяндауыш қызметін атқарады. Дегенмен, қарақалпақ тілінде сегіз түрлі мағынада қолданатыны көрсетілген.

8. *Көмектес септік* қазақ тілінде іс-әрекетті, қимылдағы орталықты білдіріп, сөйлемде пысықтауыш және толықтауыш қызметін атқарады, қарақалпақ тілінде мұндай септік жоқ.

9. *Қарақалпақ тіліндегі септіктер* өзінің семантикалық және грамматикалық ерекшелігіне ие. Сонымен бірге кейбір сөйлемде септіктер арасында синонимия, яғни бір септіктің екінші септік мәнісінде қолданылу жағдайлары байқалады. Септіктердегі мұндай синонимиялық қатынастардың активтесуі, *біріншіден*, қарақалпақ тілінің соңғы жылдары функциональдық дамуына байланысты болса, *екіншіден*, оған басқа тілдердің, бірінші кезекте орыс тіліндегі «тротуаром» сөз тіркесіндегі «тротуаром» сөзі орыс тіліндегі творительный септігінде тұр, ал қарақалпақ тілінде ондай септік жоқ. Сондықтан да ол атау септіктің (*менен*) шылауы арқылы (*тротуар менен жүриуі*) немесе шығыс септігі менен (*тротуардан жүриуі*) аңдатуы мүмкін.

Қазіргі қарақалпақ тілінде төмендегі септіктер арасында синонимиялық қатынастар байқалады:

1. *Ілік және шығыс септігі: Соның арасында балалардың біреуі оның қоянын алып қащпасын ба?* (Т.Қайыпбергенов). *Вера, қандай бахытлы?- деди балалардың биреуі оның изинен қарап.* (Т.Қайыпбергенов)

2. *Ілік және барыс септік: Совхоздың директоры-совхозға директор.*

3. *Ілік және жатыс септігі: Көзинің гүли бар ғой,-деди ол хаял.* (Т.Қайыпбергенов). *–Айна алдында көп ұақыт иркиле алмайман, бийдай рең шашлы, көзінде гүли бар қыз маған қарайды.* (Т.Қайыпбергенов).

4. *Барыс және табыс септігі: Кешегі жигиттің «кеширерсиз» деп кетип қалғанын көрген ол тийкарғы сырға түсинген еди.* (Т.Қайыпбергенов).

-Жигитлердің сумлығын түсиниў керек,-деди Айзада. (Т.Қайыпбергенов).

5. *Барыс және жатыс септігі: Парктеги бир скамейкаға отырып дем алмақшы болдым.* (Т.Қайыпбергенов). –*Түни менен админстратордың қасында креслода отырып шықтым.* (Т.Қайыпбергенов).

6. *Табыс және жатыс септігі: Бағды кездим-бағда кездим.*

7. *Табыс және шығыс септігі: Дәулетов босағаны атлаўдан, Светлана ериниң жүзине қарады.* (Т.Қайыпбергенов). *Сержанов үйине босағадан атлаўдан төрде жайыўлы төсекке сүрниге жығылды.* (Т.Қайыпбергенов).

8. *Жатыс және шығыс септігі: Дәулетовтың изинде киятырған самосвал машиналардың шофёры айыплы емес еди. Машинаның изинен киятырған мен едим, -деди ол.* (Т.Қайыпбергенов).

Септік формадағы мұндай синонимия оларды белгілі бір контекстерде орын алмастыруға, әрқилы стильдік мақсатта пайдалануға мүмкіндік береді. Ал қазақ тіліне келсек, тілші-ғалымдардың еңбектерінде мұндай форма (синонимия) кездеспейді.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Дыренкова Н.П. Грамматика шорского языка .М-Л, 1970
2. Исхаков Ф. Г. Местоимение .ИСГТЯ. II.1956
- 3.Исаев М. Қазақ тілі. Алматы, 2002
- 4.Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. М- Л,1960
- 5.Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. М-Л,1956
- 6.Кадырбаев А.Хәзирги қарақалпақ тилиндеги атлық сөзлер. Нөкис,1961
- 7.Кудайбергенов М.Қарақалпақ тилиндеги атлықларда анықлылық хәм анықсызлықтың аңлатылыуы.Нөкис, 2007.
8. Қазақ тілінің грамматикасы, 1.Морфология. Алматы -1967 ж.
- 9.Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М-Л,1951
10. Серебренников Б.О. О взаимосвязи языковых явлений и их исторических изменений. «Вопросы языкознание» 1964 №3
- 11.Севортян Э.В. Категория падежей.ИСГТЯ. II. 1956
- 12.Современный казахский язык.Фонетика и морфология. Алматы, 1962
13. Современный татарский литературный язык. Лексикология, фонетика, морфология. М,1969
14. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы.Алматы, 1988

Мазмұны

I. Кіріспе	4
1. Тақырыптың зерттелуі	6
I. Негізгі бөлім	
2. Қазақ және қарақалпақ тіліндегі грамматикалық септіктер	
Атау септігі	8
Ілік септігі	11
Табыс септігі	17
3. Қазақ және қарақалпақ тіліндегі көлемдік септіктер	
Барыс септігі	22
Шығыс септігі	29
Жатыс септігі	35
Көмектес септігі	37
IV. Қорытынды	48
Пайдаланған әдебиеттер	52